Полученные в ходе исследования эмпирические данные подтверждают теоретические концепции отечественных и зарубежных авторов о том, что цифровая образовательная среда сама по себе не гарантирует роста качества образования без специального дидактического конструирования. Результаты эксперимента созвучны выводам M.E. Esra и Z. Sevilen, которые установили, что мотивация студентов в онлайн-обучении определима не столько фактором наличия электронных ресурсов, сколько психологическим комфортом, вариативностью учебных задач и качеством групповой интеракции [7]. Разработанный нами сценарий занятия с использованием сессионных залов (Breakout Rooms) и совместных визуальных досок (Miro/Padlet) позволил компенсировать дефицит живого эмоционального контакта, на что указывали I. Sasson и T. Elias [8].

Особый интерес представляет сравнение эффективности мономодельного и интегративного подходов к педагогическому дизайну, в частности, если в исследованиях I. Blau рассматривается преимущество модели ADDIE как универсальной технической матрицы [3], а в работах M.E. Esra и Z. Sevilen подчеркивается мотивационный вектор ARCS [7], то реализованная в нашем исследовании гибридная модель (ADDIE+ARCS) показала синергетический эффект. Техническая дисциплина и последовательность ADDIE позволили преподавателю системно структурировать контент в LMS, а психологические компоненты ARCS обеспечили постоянную подпитку интереса и снизили риск усталости от

экрана у студентов.

Наши выводы сообразуются с результатами M.A. Mamun, доказывающего необходимость реализации трех составляющих педагогического дизайна: технологической, содержательной и организационной [9]. Описание сценария занятия подтверждает, что при четкой синхронизации этих аспектов студенты переходят из позиции пассивных потребителей контента в позицию активных субъектов учебно-познавательной деятельности.

Теоретические основы педагогического дизайна были заложены в работах Robert Gagné, Walter Dick, Lou Carey и Leslie Briggs, разработавших модели системного проектирования обучения. Вместе с тем современный этап развития педагогического дизайна характеризуется переосмыслением классических линейных и системных моделей в условиях цифровой трансформации образования. Современные исследования рассматривают педагогический дизайн не только как последовательность процедур анализа, проектирования, разработки, реализации и оценки обучения, но и как комплексную деятельность, предполагающую интеграцию педагогических теорий, технологических возможностей, характеристик обучающихся и контекстуальных условий образовательной среды В этой связи классические модели педагогического дизайна сохраняют методологическую значимость, однако их применение все чаще осуществляется в сочетании с гибкими, итеративными и технологически ориентированными подходами. Так, в исследовании L.Wintersberg и D. Pittich на основе систематического обзора понятие педагогического дизайна рассматривается значительно шире традиционного набора этапов проектирования. Авторы анализируют цели, процессы и профессиональные компетенции педагогического дизайна [10].

Непосредственно моделям педагогического дизайна и их взаимосвязи с теориями обучения посвящены работы H.Abuhassna, M. Adnan, F. Awae [11,12]. Авторы на основе анализа современных исследований указывают, что эффективность педагогического дизайна определяется не только использованием конкретной модели, но и её согласованностью с теориями обучения, характеристиками обучающихся и образовательным контекстом.

Как показывает обзор исследований последних лет в области цифрового высшего образования, наряду с классическими моделями ADDIE и другими подходами сегодня активно используются такие современные дидактические модели как Траск, конструктивистские модели и гибридные решения [13]. При этом исследователи указывают на необходимость учитывать конкретный образовательный и технологический контекст, что позволяет заключить, что современный педагогический дизайн представляет собой развитие и трансформацию классических моделей, а не их полное замещение.

В контексте нашего исследования вызывают интерес труды ученых последних лет, посвященные развитию, трансформации и применению педагогического дизайна под влиянием искусственного интеллекта. Авторы единодушно признают, что классические модели, сформировавшиеся

в XX веке, продолжают использоваться в современной практике для реконструкции генезиса и методологических оснований педагогического дизайна, в то время как активная интеграция AI-инструментов создает новые методы проектирования и технологически поддерживаемые образовательные решения.

Как показал анализ исследований казахстанских ученых, педагогический дизайн в современной образовательной среде позволяет качественно комбинировать традиционное обучение и учебную деятельность в условиях цифровизации образования, способствует улучшению процесса восприятия студентами материала и повышает уровень их мотивации [13,14,15]. Все ученые сходятся во мнении, что формирование мультимедийной среды на основе педагогического дизайна с учетом особенностей цифрового образования, является необходимым условием развития мотивации студентов к учебной деятельности.

Заключение

В ходе исследования установлено, что современная образовательная среда развивается с учётом влияния огромного потока информации. Реализация учебного процесса осуществляется на основе использования цифровых инструментов для взаимодействия субъектов учебной деятельности, отражаясь на уровне мотивации студентов к обучению.

Результаты работы свидетельствуют о том, что именно педагогический дизайн является необходимым инструментом для интеграции субъектов учебной деятельности в образовательный процесс, с использованием различных интерактивных форм и современных технологий. Такой подход направлен на эффективный подбор преподавателем методов и приёмов для передачи учебного материала студентам через цифровые средства коммуникации. Это сложный процесс, предполагающий достижение желаемого результата студентами, обеспечивая при этом качественную обратную связь и эффективные системы контроля. В результате происходит логическое сочетание теоретических и практических компонентов обучения, что влияет на интерес студентов и их мотивацию к реализации приобретённых знаний в будущей профессиональной деятельности. Педагогический дизайн позволяет в полной мере учитывать особенности мотивационной составляющей за счет использования интерактивных подходов, информационных инструментов, творческих способностей.

В ходе исследования были рассмотрены такие модели педагогического дизайна, как ARCS и ADDIE, используемые в педвузах Казахстана. На основе сравнительного анализа было установлено, что они взаимосвязаны, предусматривают достижение единых целей, а именно повышение мотивации студентов в условиях цифровой образовательной среды.

На основе проведенного теоретико-экспериментального исследования сделаны следующие выводы:

1. Педагогический дизайн в условиях цифровой образовательной среды выступает высокоэффективным средством управления

мотивационной сферой обучающихся. Он представляет собой не просто техническое форматирование электронных материалов, а комплексную технологию проектирования образовательного опыта, учитывающую когнитивные особенности и психолого-педагогические закономерности восприятия информации на экране.

2. Теоретически обоснована и реализована на практике модель сопряжения процессуальной структуры ADDIE и мотивационных факторов ARCS позволившая поэтапно активизировать познавательную деятельность студентов.

3. Разработан и апробирован технологический сценарий проведения занятий в цифровой образовательной среде, включающий применение микрообучения, смену модальностей контента, геймифицированный контроль, работу в виртуальных малых группах, фасилитацию и дифференцированную обратную связь.

4. Результаты педагогического эксперимента статистически доказали эффективность разработанного подхода: в экспериментальной группе зафиксирован достоверный рост внутренней познавательной мотивации (до 68,3%) и профессиональной направленности (до 73,3%), а также уровня удовлетворенности обучением (до 81,6%) при $p< 0,01$.

Разработанная матрица интеграции моделей ADDIE и ARCS, сценарий занятия могут служить методическим конструктором для преподавателей вузов при создании новых авторских цифровых курсов и модулей смешанного обучения.

Перспективы работы видятся в дальнейших исследованиях, направленных на формирование и развитие мотивации студентов первых курсов, в процессе их адаптации к деятельности высшего учебного заведения, а также в разработке специализированных адаптивных моделей педагогического дизайна на основе искусственного интеллекта.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Barut Tugtekin E., Dursun O. O. Effect of animated and interactive video variations on learners' motivation in distance Education //Education and Information Technologies. – 2022. – Т. 27. – №. 3. – С. 3247-3276.

[2] Гёксу И., Эргюн Н., Озкан З., Сакыз Х. Дистанционное образование в условиях пандемии: Какие психо-демографические переменные влияют на студентов высших учебных заведений? // Журнал компьютерного обучения. – 2021. – Т. 37. – № 6. – С. 1539–1552. URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/jcal.12544.

[3] Блау И., Шамир-Инбал Т., Авдиель О. Как педагогический дизайн совместного академического курса с улучшенными технологиями способствует цифровой грамотности, саморегулированию и воспринимаемому обучению студентов? // Интернет и высшее образование. – 2020. – Т. 45. – С. 100–112. URL: http://eprints.goforarchive.com/id/eprint/334/.

[4] Шмигирилова И.Б., Дарбаева Д.К., Рыбалко Н.А. Педагогический дизайн как средство повышения эффективности обучения в условиях цифровизации // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки». – 2022. – Т. 74. – № 2. – С. 46–53. URL: https://bulletinpedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1091.

[5] Конецкий М. Влияние дистанционного обучения на мотивацию и успешность студентов во время пандемии COVID-19 // Конвенция по информации, связи и электронным технологиям. – 2020. – Т. 43. – С. 813–817. URL: https://ieeexplore.ieee.org/abstract/document/9245406/.

[6] Стеванович А., Божич Р., Радович С. Опыт и мнение студентов высших учебных заведений о дистанционном обучении во время пандемии COVID-19 // Журнал компьютерного обучения. – 2021. – Т. 37. – № 6. – С. 1682–1693. URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/jcal.12613.

[7] Эсра М.Е., Севилен З. Факторы, влияющие на мотивацию студентов EFL в онлайн-обучении: качественное тематическое исследование // Журнал образовательных технологий и онлайн-обучения. – 2021. – Т. 4. – № 1. – С. 11–22. URL: https://dergipark.org.tr/en/pub/jetol/issue/60134/817680.

[8] Сассон И., Иегуда И., Мидидженский С., Малкинсон Н. Разработка новых условий обучения: инновационная педагогическая перспектива // Учебный журнал. – 2022. – Т. 33. – № 1. – С. 61–81. URL: https://bera-journals.onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/curj.125.

[9] Мамун М.А., Лоури Г., Райт Т. Учебный дизайн модулей онлайн-обучения для самоуправляемых и основанных на запросах учебных сред // Компьютеры и образование. – 2020. – Т. 144. URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0360131519302489.

[10] Wintersberg, L. Toward a universal definition of instructional design: a systematic review / L. Wintersberg, D. Pittich // Discover Education. – 2025. – Vol. 4. – Art. 100. https://doi.org/10.1007/s44217-025-00491-w

[11] Abuhassna H., Adnan M. A. B. M., Awae F. Exploring the synergy between instructional design models and learning theories: A systematic literature review //Contemporary Educational Technology. – 2024. – Т. 16. – №. 2. – С. ep499. https://doi.org/10.30935/cedtech/14289

[12] Abuhassna, H. Instructional design made easy! Instructional design models, categories, frameworks, educational context, and recommendations for future work / H. Abuhassna, S. Alnawajha // European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education. – 2023. – Vol. 13, No. 4. – P. 715–735 https://doi.org/10.3390/ejihpe13040054

[13] Ахметова Ж.Б., Жанжигитов С.Ж., Атабаева Ф.К. Возможности цифровых технологий в сфере образования//ИЗВЕСТИЯ КазУМОиМЯ им. Абылай хана, серия “ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ” No4 (79) 2025, 411-431 с. https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.79.4.025%20

[14] Zhanikeyeva D.E., Zhumabekova G.B. The Role Of Digital Educational Resources In Teaching Professionally-Oriented Foreign Language//BULLETIN of Ablaikhan KazUIRandWL Series “PEDAGOGICAL SCIENCES” No 1 (76) 2025, pp. 293-308 https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.019

[15] Артыкбаева Е.В., Джусубалиева Д.М. Электронные мультимедийные учебники в современном образовании // Актуальные проблемы теории и практики учебниковедения. Коллективная монография. КазУМОиМЯ имени Абылай хана. – Алматы, 2024. – с. 44-58

REFERENCES

[1] Barut Tugtekin E., Dursun O. O. Effect of animated and interactive video variations on learners' motivation in distance Education //Education and Information Technologies. – 2022. – T. 27. – №. 3. – C. 3247-3276.

[2] Goksu I., Ergun N., Ozkan Z., Sakiz H. Distantsionnoye obrazovaniye v usloviyakh pandemii: Kakiye psikho-demograficheskiye peremennyye vliyayut na studentov vysshikh uchebnykh zavedeniy? (Distance Education in a Pandemic: Which Psycho-Demographic Variables Affect Higher Education Students?) // Journal of Computer Assisted Learning. – 2021. – Vol. 37. – No. 6. – P. 1539–1552. URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/jcal.12544. [in Rus.]

[3] Blau I., Shamir-Inbal T., Avdiel O. Kak pedagogicheskiy dizayn sovmestnogo akademicheskogo kursa s uluchshennymi tekhnologiyami sposobstvuyet tsifrovoy gramotnosti, samoregulirovaniyu i vosprinimayemomu obucheniyu studentov? (How Does the Pedagogical Design of a Technology-Enhanced Collaborative Academic Course Promote Students' Digital Literacy, Self-Regulation, and Perceived Learning?) // Internet and Higher Education. – 2020. – Vol. 45. – P. 100–112. URL: http://eprints.goforarchive.com/id/eprint/334/. [in Rus.]

[4] Shmigirilova I.B., Darbayeva D.K., Rybalko N.A. Pedagogicheskiy dizayn kak sredstvo povysheniya effektivnosti obucheniya v usloviyakh tsifrovizatsii (Pedagogical Design as a Means of Increasing the Effectiveness of Learning in the Context of Digitalization) // Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya «Pedagogicheskiye nauki». – 2022. – Vol. 74. – No. 2. – P. 46–53. URL: https://bulletinpedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1091. [in Rus.]

[5] Konetskiy M. Vliyaniye distantsionnogo obucheniya na motivatsiyu i uspeshnost' studentov vo vremya pandemii COVID-19 (The Impact of Distance Learning on Student Motivation and Success during the COVID-19 Pandemic) // Information, Communication and Electronic Technology Convention. – 2020. – Vol. 43. – P. 813–817. URL: https://ieeexplore.ieee.org/abstract/document/9245406/. [in Rus.]

[6] Stevanovich A., Bozhich R., Radovich S. Opyt i mneniye studentov vysshikh uchebnykh zavedeniy o distantsionnom obuchenii vo vremya pandemii COVID-19 (Higher Education Students' Experiences and Opinions on Distance Learning during the COVID-19 Pandemic) // Journal of Computer Assisted Learning. – 2021. – Vol. 37. – No. 6. – P. 1682–1693. URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/jcal.12613. [in Rus.]

[7] Esra M.E., Sevilen Z. Faktory, vliyayushchiye na motivatsiyu studentov EFL v onlayn-obuchenii: kachestvennoye tematicheskoye issledovaniye (Factors Affecting EFL Students' Motivation in Online Learning: A Qualitative Case Study) // Journal of Educational Technology and Online Learning. – 2021. – Vol. 4. – No.

1. – P. 11–22. URL: https://dergipark.org.tr/en/pub/jetol/issue/60134/817680. [in Rus.]

[8] Sasson I., Yehuda I., Mididzhenskiy S., Malkinson N. Razrabotka novykh usloviy obucheniya: innovatsionnaya pedagogicheskaya perspektiva (Development of New Learning Conditions: Innovative Pedagogical Perspective) // The Curriculum Journal. – 2022. – Vol. 33. – No. 1. – P. 61–81. URL: https://bera-journals.onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/curj.125. [in Rus.]

[9] Mamun M.A., Lowrie G., Wright T. Uchebnyy dizayn moduley onlayn-obucheniya dlya samoupravlyayemykh i osnovannykh na zaprosakh uchebnykh sred (Instructional Design of Scaffolded Online Learning Modules for Self-Directed and Inquiry-Based Learning Environments) // Computers & Education. – 2020. – Vol. 144. URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0360131519302489. [in Rus.]

[10] Wintersberg, L. Toward a universal definition of instructional design: a systematic review / L. Wintersberg, D. Pittich // Discover Education. – 2025. – Vol. 4. – Art. 100. https://doi.org/10.1007/s44217-025-00491-w

[11] Abuhassna H., Adnan M. A. B. M., Awae F. Exploring the synergy between instructional design models and learning theories: A systematic literature review //Contemporary Educational Technology. – 2024. – Т. 16. – №. 2. – С. ep499. https://doi.org/10.30935/cedtech/14289

[12] Abuhassna, H. Instructional design made easy! Instructional design models, categories, frameworks, educational context, and recommendations for future work / H. Abuhassna, S. Alnawajha // European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education. – 2023. – Vol. 13, No. 4. – P. 715–735 https://doi.org/10.3390/ejihpe13040054

[13] Akhmetova, Zh. B., Zhanzhigitov, S. Zh., Atabayeva, F. K. Vozmozhnosti tsifrovykh tekhnologiy v sfere obrazovaniya (Capabilities of digital technologies in the field of education)// Izvestiya KazUMOiMYa imeni Abylay khana, Seriya “Pedagogicheskiye Nauki” No4 (79) 2025, pp.411-431 https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.79.4.025%20 [in Rus]

[14] Zhanikeyeva D.E., Zhumabekova G.B. The Role Of Digital Educational Resources In Teaching Professionally-Oriented Foreign Language //BULLETIN of Ablaikhan KazUIRandWL Series “PEDAGOGICAL SCIENCES” No 1 (76) 2025, pp. 293-308 https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.019

[15] Artykbaeva E.V., Dzhusubalieva D.M. Elektronnye mul’timedijnye uchebniki v sovremennom obrazovanii (Electronic Multimedia Textbooks in Modern Education) //Aktual’nye problemy teorii i praktiki uchebnikovedeniya. Kollektivnaya monografiya, KazUMOiMYA imeni Abylaj hana. – Almaty, 2024. pp. 44-58 [in Russ.]

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН - ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ

*Ибраева К.Е.[1], Касимов Н.А.[2],
Бейсембаева А.А.[3], Рысбекова Р.М.[4]
*,[1,2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан
[3,4]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Жоғары білім беруді дамытудың қазіргі заманғы кезеңі оқу қызметі субъектілерінің өзара іс-қимылының әдістері мен мақсаттарын әзірлеуді, сондай-ақ студенттердің уәждемесін арттыруға бағытталған білім беру компоненттері мен модельдерін талдауды өзектендіре отырып, оны ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістемелерін өзгертуді болжайды. Осыған байланысты жұмыстың мақсаты студенттердің білім беру процесіне ынтасын арттыру құралы контексінде педагогикалық дизайнды зерделеу болып табылады.

Жұмыста «педагогикалық дизайн» ұғымы студенттердің кәсіби даярлығын іске асырудың заманауи тәсілі контексінде қаралған. Оқыту міндеттерінің жалпы мақсаттары негізінде білім беру ортасын қалыптастыру ерекшеліктері зерттелді; педагогикалық дизайн негіздері сипатталды, атап айтқанда, білім беру процесінің мақсаттарын, ғылыми, қол жетімділік, өзін-өзі ұйымдастыру, саралау қағидаттарын тиімді қалыптастыру, өз тәжірибесін қалыптастыру жағдайларын қамтамасыз ету. Қазақстанның жоғары оқу орындарында қолданылатын педагогикалық дизайн үлгілерінің ерекшеліктері зерттелді. Зерттеу барысында Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарында қолданылатын ARCS және ADDIE сияқты педагогикалық дизайн модельдері қаралды. Салыстырмалы талдау негізінде олардың өзара байланысты екені анықталды, бірыңғай мақсаттарға қол жеткізуді, атап айтқанда сандық білім беру ортасы жағдайында студенттердің мотивациясын арттыруды көздейді. Жұмыстың перспективалары бірінші курс студенттерінің уәждемесін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған одан арғы зерттеулерде, олардың жоғары оқу орнының қызметіне бейімделу процесінде және т.б. көрінеді. Жұмыста сондай-ақ педагогикалық дизайн студенттерді оқу-тәрбие жұмысына серпінді тартуды көздейтіні анықталды. Зерттеуден алынған қорытындыларды жоғары оқу орындарында педагогикалық дизайнның жаңа үлгілерін әзірлеу үшін пайдалануға болады.

Тірек сөздер: мотивация, студенттер, оқу процесі, психологиялық климат, кәсіби дайындық, педагогикалық дизайн, модель, цифрлық білім беру ортасы, оқу-тәрбие жұмысы

PEDAGOGICAL DESIGN AS A MEANS OF INCREASING STUDENT MOTIVATION IN A DIGITAL EDUCATIONAL ENVIRONMENT

* Ibraeva K.E.[1], Kassimov N.[2], Beisembayeva A.A.[3], Rysbekova R.M.[4]
*[1,2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[3,4]Kazakh National Women's Teacher Training University
Almaty, Kazakhstan

Abstract. The current stage of development of higher education involves a change in approaches and methods to its organization, updating the development of methods and goals of interaction between subjects of educational activity, as well as the analysis of educational components and models aimed at increasing student motivation. Based on this, the purpose of the work is to study pedagogical design in the context of a means of increasing student motivation for the educational process.

In the work, the concept of «pedagogical design» is considered in the context of the modern approach to the implementation of professional training for students. The features of the formation of the educational environment based on the general goals of learning tasks were investigated; The foundations of pedagogical design were characterized, in particular, the effective formation of goals, principles of scientificity, accessibility, self-organization, differentiation of the educational process, ensuring the conditions for the formation of one's own experience. The features of models of pedagogical design, which are used in universities of Kazakhstan, were studied.

During the study, models of pedagogical design were considered, like ARCS and ADDIE, used in pedagogical universities of Kazakhstan. Based on a comparative analysis, it was found that they are interconnected, provide for the achievement of common goals, namely, increasing the motivation of students in a digital educational environment. Work prospects are seen in further research aimed at the formation and development of motivation for first-year students, in the process of their adaptation to the activities of a higher educational institution, etc. The work also found that pedagogical design involves the dynamic involvement of students in educational work.The findings of the study can be used to develop new models of pedagogical design in higher education institutions.

Key words: motivation, students, educational process, psychological climate, professional training, pedagogical design, model, digital educational environment, educational work

Статья поступила / Мақала түсті / Received: 09.02.2026
Принята к публикации / Жариялауға қабылданды / Accepted: 25.09.2026

***Информация об авторах*:**
Ибраева Камарсулу Ершатовна – к.п.н., и.о.профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: kamar.sulu@mail.ru

Касимов Нуржан Аббасович – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: starlightsoul.92@mail.ru

Бейсембаева Алтынай Абдихановна – заведующий кафедрой музыки, к.п.н., доцент, Казахский национальный женский педагогический университет, e-mail: altynai.beisembaeva@mail.ru

Рысбекова Рысжан Мырзашевна – Кандидат педагогических наук, старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: Ryszhan_rysbekova@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет:

Ибраева Камарсулу Ершатовна – п.ғ.к., профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: kamar.sulu@mail.ru

Kassimov Nurzhan - doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, email: starlightsoul.92@mail.ru

Бейсембаева Алтынай Абдихановна – Музыка кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, e-mail: altynai.beisembaeva@mail.ru

Рысбекова Рысжан Мырзашевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: Ryszhan_rysbekova@mail.ru

Information about authors*:*

Ibrayeva Kamarsulu – Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Professor of Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: kamar.sulu@mail.ru

Kassimov Nurzhan - doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, email: starlightsoul.92@mail.ru

Beisembaeva Altynai – Head of Music Department, Candidate of Pedagogical Sciences, Associated Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, email: altynai.beisembaeva@mail.ru

Rysbekova Ryszhan - Candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: Ryszhan_rysbekova@mail.ru

ӘОЖ 37.1174
ҒТАМР 14.23.09
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.030

БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАР

*Темирханова К.Ш.[1], Булшекбаева А.И.[2], Қыяқбаева Ұ.К.[3]
*[1,2,3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларының курс бойынша қалыптасу ерекшеліктерін анықтау және оларды дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттарды негіздеу. Зерттеу сипаттамалық-салыстырмалы дизайнда жүргізілді. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6В01203 – «Мектепке дейінгі білім беру» білім беру бағдарламасында оқитын 173 студент авторлар әзірлеген онлайн сауалнамаға қатысты. Жауаптар оқу курстары бойынша топтастырылып, жиілік пен пайыздық үлестер негізінде сипаттамалық тұрғыдан талданды. Нәтижелер ғылыми мәтінді толық түсінетінін көрсеткен студенттердің үлесі бірінші курста 27,8%, төртінші курста 81,8% болғанын көрсетті. Сонымен бірге ғылыми мақала жазудағы қиындық бірінші курста 55,6%, төртінші курста 75,0% деңгейінде сақталған; үшінші курс студенттерінің 69,2%-ы баяндама мен презентация дайындауда қиналатынын көрсеткен. Алынған деректер ғылыми ұғымдар туралы хабардарлық пен оларды жазбаша және ауызша ғылыми коммуникацияда қолдану арасында алшақтық бар екенін аңғартады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы студенттерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларының курс бойынша біркелкі емес бейінін сипаттап, анықталған қажеттіліктерді мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, ақпараттық-технологиялық және кадрлық шарттар жүйесімен байланыстыруында. Ұсынылған шарттар теориялық және диагностикалық негізде тұжырымдалды.

Тірек сөздер: ғылыми-коммуникациялық дағдылар, болашақ педагог, ғылыми сауаттылық, ғылыми жазу, зерттеушілік құзыреттілік, педагогикалық шарттар, мектепке дейінгі білім беру, педагогикалық даярлық

Кіріспе

Жоғары білім беру жүйесінде зерттеу әдістерін меңгеру, академиялық жазу және алынған нәтижелерді кәсіби ортада сауатты ұсыну білім алушының даярлық нәтижелерінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады

[1]. Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі зерттеу адалдығы, жауапкершілік және ғылыми нәтижелерді ашық әрі дәл ұсыну қағидаларын бекітеді [2]. Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы зерттеу мәдениетін, академиялық адалдықты және білім алушылардың ғылыми қызметке қатысуын күшейту қажеттігін айқындайды [3].

Педагогтерге арналған қолданыстағы кәсіптік стандарттар кәсіби қызметтің сапасына, рефлексияға, кәсіби дамуға және білім беру тәжірибесін жетілдіруге қойылатын талаптарды белгілейді [4]. Осы талаптар болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің ғылыми ақпаратты түсінуімен ғана шектелмей, оны талдай алуын, дәлелді пікір қалыптастыруын және зерттеу нәтижелерін әртүрлі аудиторияға түсінікті түрде жеткізуін қажет етеді.

Соған қарамастан, педагогикалық даярлықта ғылыми терминдерді білу мен ғылыми мәтінді өз бетінше құрастыру, мақала жазу, баяндама дайындау және зерттеу нәтижелерін ұсыну қабілеті бірдей деңгейде қалыптаса бермейді. Әсіресе мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары студенттерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларының курс бойынша қандай ерекшелік көрсететіні және анықталған қиындықтарды қандай педагогикалық тетіктер арқылы азайтуға болатыны жеткілікті нақтыланбаған. Осы жағдай зерттеу мәселесін теориялық тұрғыдан ғана емес, білім алушылардың өз бағалауларына сүйенген диагностикалық деректер арқылы қарастыру қажеттігін туындатады.

Зерттеудің мақсаты – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларының курс бойынша қалыптасу ерекшеліктерін анықтау және оларды дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттарды негіздеу.

Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды: ғылыми-коммуникациялық дағдылардың мазмұнын теориялық тұрғыдан нақтылау; студенттердің ғылыми мәтінмен, ғылыми жазумен және зерттеу нәтижелерін ұсынумен байланысты дағдыларын курс бойынша сипаттау; анықталған қиындықтар мен қажеттіліктерді жүйелеу; әдебиеттер мен сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, ғылыми-коммуникациялық дағдыларды дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттарды ұсыну.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы студенттерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларының курс бойынша біркелкі емес бейінін анықтап, ғылыми ұғымдарды білу мен оларды ғылыми жазбада және ауызша баяндауда қолдану арасындағы алшақтықты көрсетуінде, сондай-ақ осы қажеттіліктерді педагогикалық шарттардың өзара байланысты жүйесімен негіздеуінде көрінеді.

Ғылыми коммуникация педагогтің ғылыми білімді қабылдау, түсіндіру, дәлелдеу және әртүрлі аудиторияға бейімдеп ұсыну әрекеттерін қамтиды. Мектепке дейінгі білім беру контексінде коммуникативтік даярлықтың маңызы баламен және ата-анамен қарым-қатынас орнатумен ғана шектелмейді. F. Shehu мен L. Ademi болашақ тәрбиешілердің тілдік-коммуникативтік құзыреттері олардың бастапқы кәсіби даярлығының

маңызды құрамдасы болуы тиіс екенін көрсетеді [5]. Бұл бағыт болашақ педагогтің кәсіби және ғылыми мазмұнды түсінікті түрде жеткізу қабілетінің маңызын айқындайды.

Ғылыми коммуникацияның жазбаша компоненті академиялық мәтінді жоспарлау, дереккөздерді орынды қолдану, дәлелдерді жүйелеу және қорытындыны логикалық құрастыру қабілеттерімен байланысты. H.P. Bui және әріптестері болашақ педагогтердің академиялық жазу барысында риторикалық, когнитивтік, метатанымдық және әлеуметтік-аффективтік стратегияларды қолданатынын анықтаған [6]. Олардың нәтижелері академиялық жазудың тек тілдік білімге емес, мәтінді жоспарлау, өзіндік реттеу, қайта қарау және кері байланыс алу тәжірибесіне де тәуелді екенін көрсетеді. Осы бағыттағы кейінгі зерттеулерде B. Direkci және әріптестері аргументацияға негізделген академиялық жазу үдерісін болашақ педагогтердің ғылыми мәтін құрастыру дағдыларын дамыту тұрғысынан қарастырған [7], ал S. Baroudi және әріптестері жүйелі feedforward тәсілінің болашақ педагогтердің академиялық жазуы мен сыни ойлауын жетілдірудегі мүмкіндіктерін көрсеткен [8].

Ғылыми коммуникацияның тағы бір бағыты зерттеу нәтижелерін аудиторияға жеткізу және ғылыми пікір алмасуға қатысумен байланысты. C.M. Swords және әріптестері арнайы ғылыми-коммуникациялық дайындықтан кейін қатысушылардың өз қабілеттеріне сенімділігі мен қоғамдық коммуникацияға қатысу белсенділігінің жоғарылағанын көрсеткен [9]. Осылайша, қарастырылған халықаралық зерттеулердің бағыттары өзара байланысты болғанымен, олардың зерттеу акценттері әртүрлі: Shehu мен Ademi [5] кәсіби-коммуникативтік даярлыққа, Bui және әріптестері [6], Direkci және әріптестері [7], Baroudi және әріптестері [8] академиялық жазу үдерісіне, ал Swords және әріптестері [9] ғылыми ақпаратты аудиторияға ұсыну мен коммуникациялық сенімділікке басымдық береді. Бұл бағыттарды біріктіру ғылыми-коммуникациялық дағдыларды ауызша коммуникация, академиялық жазу, ғылыми ақпаратты түсіндіру және зерттеу нәтижелерін ұсынудың өзара байланысты жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми-коммуникациялық даярлықтың педагогикалық негіздерін түсіндіруде теориялық және әдіснамалық еңбектердің де маңызы сақталады. А.А. Вербицкийдің контекстік оқыту тұжырымдамасында теориялық білімді болашақ кәсіби әрекетпен байланыстыруға басымдық беріледі [10]. В.А. Сластенин және әріптестері зерттеушілік ұстанымды педагогтің шығармашылық кәсіби қызметінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырса [11], Ш.Т. Таубаева педагогикалық зерттеудің әдіснамасын, ғылыми мәтінмен жұмысты және зерттеу нәтижелерін ұсынуды педагогтің зерттеу мәдениетімен байланыстырады [12]. Ж. Ақпарова цифрлық құзыреттіліктің ақпаратты іздеу, сұрыптау және әртүрлі форматта ұсынудағы рөлін көрсетеді [13].

Аталған теориялық ұстанымдардың ортақ тұсы – педагогтің даярлығын білімді меңгерумен ғана шектемей, оны кәсіби және зерттеушілік әрекетте қолданумен байланыстыруы. Сонымен қатар олардың зерттеу акценттері әртүрлі: контекстік оқыту тұжырымдамасында теориялық білімді кәсіби

әрекетпен байланыстыруға басымдық берілсе, педагогикалық зерттеу еңбектерінде зерттеушілік ұстаным мен зерттеу мәдениетіне, ал цифрлық құзыреттілікке арналған зерттеуде ғылыми ақпаратты іздеу, іріктеу және ұсыну әрекеттеріне назар аударылады. Осы тұжырымдарды салыстырмалы талдау ғылыми-коммуникациялық дағдылардың ақпараттық, теориялық, әдіснамалық, эмпирикалық және ауызша-жазбаша компоненттерін өзара байланысты жүйе ретінде қарастыруға негіз береді.

Қазақстандық зерттеулерде де студенттердің академиялық жазуы мен болашақ педагогтердің зерттеушілік даярлығына қатысты мәселелер қарастырылған. Ш.К. Жарқынбекова мен Ф.К. Иссенова Қазақстанның жоғары білім жүйесіндегі академиялық жазудың теориялық және практикалық мәселелерін қарастырған [14], ал Г.Е. Самашова және әріптестері болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын зерттеген [15]. Алайда бұл еңбектердің зерттеу нысаны жалпы академиялық жазу немесе болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттілігімен байланысты; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын оқу курстары бойынша салыстыру, ғылыми ұғымдар туралы хабардарлық пен оларды академиялық жазуда және ауызша ғылыми коммуникацияда қолдану арасындағы ерекшеліктерді анықтау, сондай-ақ анықталған қажеттіліктерді педагогикалық шарттардың жүйесімен байланыстыру мәселесі арнайы қарастырылмаған. Осы зерттеу аталған ғылыми олқылықты нақтылауға бағытталды.

Жоғарыда қарастырылған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді [5–15] салыстырмалы талдау негізінде ғылыми-коммуникациялық дағдылардың негізгі құрамдары авторлық тұрғыдан жүйеленді. Бұл жүйелеу зерттеудің теориялық құрылымын нақтылау және диагностикалық бағыттарын айқындау мақсатында 1-кестеде берілді.

Кесте 1 – Болашақ педагогтің ғылыми-коммуникациялық дағдыларының негізгі құрамдары

№	Дағды түрі	Мазмұны
1	Ақпараттық	Ғылыми ақпаратты іздеу және іріктеу; дереккөздің сенімділігін бағалау; мәтіннің құрылымы мен негізгі ойын анықтау; дәйексөз бен әдебиеттер тізімін талапқа сай рәсімдеу.
2	Теориялық	Зерттеу тақырыбын, негізгі ұғымдарды, объект пен пәнді, мақсат пен міндеттерді түсіну және тұжырымдау; ғылыми пайымның логикасын сақтау.
3	Әдіснамалық	Проблема мен қайшылықты анықтау; зерттеу сұрағын және болжамды негіздеу; әдістерді зерттеу мақсатына сәйкес таңдау; нәтижелердің ғылыми және практикалық маңызын бағалау.
4	Эмпирикалық	Сауалнама, сұхбат, бақылау, тестілеу және құжаттарды талдау сияқты әдістерді қолдану; деректерді жинау, жүйелеу, өңдеу және шектеулерін ескере отырып түсіндіру.

5	Ауызша және жазбаша ғылыми коммуникация	Мақала, баяндама, тезис және презентация дайындау; ғылыми стильде жазу; дәлелді пікір айту; аудиториямен байланыс орнату; пікірталас пен кері байланысқа қатысу.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу көлденең қималы сипаттамалық-салыстырмалы дизайнда жүргізілді. Оның эмпирикалық бөлігі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6В01203 – «Мектепке дейінгі білім беру» білім беру бағдарламасының студенттерін қамтыды. Зерттеуге барлығы 173 білім алушы қатысты: бірінші курстан – 37, екінші курстан – 66, үшінші курстан – 21, төртінші курстан – 49 студент. Зерттеуге сауалнама жүргізілген кезеңде қолжетімді болған білім алушылар қатысты, кездейсоқ іріктеу жүргізілген жоқ. Сондықтан нәтижелер зерттелген іріктеменің сипаттамалық ерекшеліктерін көрсетеді және оларды кең популяцияға жалпылау шектеулі.

Деректерді жинау барысында зерттеу міндеттеріне сәйкес екі диагностикалық құрал пайдаланылды. Бірінші құрал – Ш.Ж. Алимованың «Студенттердің зерттеу іс-әрекеттерін мотивациялық тұрғыда бағалау» әдістемесі. Әдістеме студенттердің жоғары оқу орнындағы зерттеу жұмыстарына қатысуға, зерттеу дағдыларын меңгеруге, ғылыми конференциялар, семинарлар мен конкурстарға қатысуға, ғылыми мақала жариялауға, зерттеу нәтижелерін талқылауға, ғылыми ортада болуға және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға қызығушылығын анықтауға бағытталған 7 сұрақтан тұрды. Сұрақтарға «Иә», «Жоқ» және «Жауап беруге қиналамын» жауап нұсқалары ұсынылды.

Екінші диагностикалық құрал ретінде білім алушылардың ғылыми-коммуникациялық даярлығының жекелеген аспектілерін анықтауға арналған 10 сұрақтан тұратын сауалнама қолданылды. Оның мазмұны когнитивтік әдістер туралы хабардарлықты, ғылыми-коммуникациялық құзыреттіліктің маңызын бағалауды, ғылыми тілде ауызша сөйлеу және ғылыми стильде жазу дағдыларының өзіндік бағасын, ғылыми мақалалармен жұмыс істеу барысында кездесетін қиындықтарды, когнитивтік әдістерді қолдану тәжірибесін және олардың ғылыми-коммуникациялық дағдыларды дамытудағы рөлі жөніндегі студенттердің пікірлерін қамтыды. Жауаптар «Иә», «Жоқ» және «Жауап беруге қиналамын» нұсқалары бойынша тіркелді.

Сауалнама жауаптары оқу курстары бойынша топтастырылды. Деректерді өңдеуде сипаттамалық статистика қолданылып, әр жауаптың пайыздық үлесі есептелді. Бірінші, екінші, үшінші және төртінші курс студенттерінің көрсеткіштері салыстырмалы түрде сипатталды. Бастапқы жеке жауаптар массиві қайта талдауға қолжетімсіз болғандықтан, инференциалдық статистика нәтижелері мақалаға енгізілген жоқ; курсаралық айырмашылықтар статистикалық дәлел ретінде емес, диагностикалық үрдіс ретінде түсіндірілді.

Қолданылған диагностикалық құралдар студенттердің ғылыми-коммуникациялық даярлығын бір ғана интегралды көрсеткіш арқылы өлшеуге емес, оның әртүрлі мазмұндық аспектілерін сипаттауға бағытталды. Сауалнама тармақтары хабардарлықты, зерттеу мотивациясын, ғылыми-коммуникациялық дағдыларды өзіндік бағалауды, тәжірибені және кездесетін қиындықтарды қамтығандықтан, олар біртұтас психометриялық шкала ретінде қарастырылған жоқ. Құралдардың мазмұндық сәйкестігі зерттеудің мақсаты мен ғылыми-коммуникациялық даярлықтың теориялық тұрғыдан айқындалған құрамдастарымен салыстыру негізінде анықталды.

Осыған байланысты барлық сауалнама тармақтары үшін бірыңғай Cronbach's alpha коэффициентін есептеу әдіснамалық тұрғыдан негізделген тәсіл ретінде қарастырылмады. Сонымен қатар бастапқы жеке жауаптар массивінің қайта талдауға қолжетімсіз болуы ішкі келісімділік көрсеткіштерін кейіннен есептеуге мүмкіндік бермеді. Сондықтан алынған нәтижелер стандартталған психометриялық шкаланың көрсеткіштері ретінде емес, зерттелген студенттер тобының ғылыми-коммуникациялық даярлығының жекелеген аспектілерін сипаттайтын диагностикалық деректер ретінде интерпретацияланды.

Зерттеуге қатысу ерікті сипатта болды. Сауалнама басталғанға дейін қатысушыларға зерттеудің мақсаты, алынған мәліметтердің тек ғылыми мақсатта пайдаланылатыны және құпия сақталатыны туралы ақпарат берілді. Сауалнаманы толтыруға келісім беру зерттеуге қатысуға ақпараттандырылған келісім ретінде қарастырылды. Нәтижелер жеке респонденттерді сәйкестендірмей, жинақталған көрсеткіштер түрінде ұсынылды.

Зерттеу рәсімінің негізгі кезеңдері 1-суретте берілді.



Сурет 1 – Зерттеу рәсімінің жалпы сызбасы

Нәтижелер

Сауалнама нәтижелері ғылыми-коммуникациялық дағдылардың жекелеген көрсеткіштері оқу курстары бойынша біркелкі болмағанын көрсетті. Ғылыми мәтіннің мазмұнын толық түсінетінін көрсеткен студенттердің үлесі бірінші курста 27,8%, төртінші курста 81,8% болды. Бірінші және екінші курс жауаптарының арасында ғылыми мәтінді түсінбейтінін көрсеткен нұсқалар да кездесті.


Өзіндік бағалау нәтижелері бойынша педагогикалық ғылыми ұғымдарды сипаттай алатынын көрсеткен студенттердің үлесі барлық курста 70%-дан жоғары болды. Бұл көрсеткіш студенттердің ғылыми

ұғымдар туралы хабардарлығын сипаттайды және олардың ғылыми мәтінді дербес құрастыру дағдысының толық қалыптасқанын білдірмейді. Ғылыми мақаланың құрылымын білетінін көрсеткен үшінші курс студенттерінің үлесі 38,5%-ды құрады. Ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылық танытқан студенттердің үлесі екінші курста 35,3%, төртінші курста 84,6% болды.


Ғылыми мақала жазу бірінші курс студенттерінің 55,6%-ына, төртінші курс студенттерінің 75,0%-ына қиындық туғызған. Баяндама мен презентация дайындауда қиналатынын көрсеткен үшінші курс студенттерінің үлесі 69,2%-ды құрады. «Ғылыми коммуникация» ұғымын білетін студенттердің үлесі екінші және төртінші курстарда 90%-дан жоғары болды. Осылайша, ғылыми ұғымдарды сипаттауға қатысты салыстырмалы түрде жоғары өзіндік бағалау мен ғылыми мақала жазудағы тұрақты қиындықтар бір-біріне қарама-қайшы нәтижелер ретінде емес, концептуалдық хабардарлық пен оны ғылыми жазба әрекетінде қолдану деңгейлері арасындағы алшақтық ретінде қарастырылды.

Интернет арқылы ақпарат іздеуге қызығушылық барлық курстарда жоғары болды; бірінші курста бұл көрсеткіш 88,9%-ды құрады. Плагиат туралы білетінін көрсеткен студенттердің үлесі бірінші, екінші және үшінші курстарда 90%-дан жоғары болғанымен, төртінші курста 16,7% болып тіркелді. Ғылыми ортада болуға ұмтылыс көрсеткіші курстар бойынша 58–88% аралығында болды.

Ғылыми тілде өз ойын жаза алатынын көрсеткен студенттердің үлесі бірінші курста 44,4%, төртінші курста 75,0% болды. Осы нәтижелер бірқатар көрсеткіш бойынша жоғары курс студенттерінің өзіндік бағасы жоғары болғанымен, ғылыми мақала жазу және зерттеу нәтижелерін ұсыну қиындықтары жоғары курстарда да сақталғанын көрсетті. Негізгі сауалнама көрсеткіштері 2-суретте көрнекі түрде ұсынылды. Бірінші және төртінші курс студенттерінің жекелеген көрсеткіштері 3-суретте салыстырылды.



Сурет 2 – Мақалада берілген сауалнаманың негізгі көрсеткіштері



Сурет 3 – Бірінші және төртінші курс көрсеткіштерін сипаттамалық салыстыру

Педагогикалық шарттар бұл зерттеуде ғылыми-коммуникациялық дағдыларды дамытуға бағытталған оқу үдерісінің мақсаттарын, мазмұнын, ұйымдастырылуын және қолдау тетіктерін біріктіретін жағдайлар ретінде қарастырылады. Оларды жүйелеуде әдебиеттерде көрсетілген контекстік оқыту, академиялық жазу стратегиялары, зерттеушілік мәдениет, кері байланыс және цифрлық құзыреттілік туралы тұжырымдар [6; 8–10; 12; 13], сондай-ақ сауалнамада анықталған қиындықтар ескерілді.

Сауалнама ғылыми ұғымдарды білу көрсеткіштері салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, мақала жазу, ғылыми мәтінді құрылымдау және баяндама дайындауда қиындықтар сақталғанын көрсетті. Сондықтан педагогикалық шарттар тек ақпарат беруге емес, студенттің ғылыми әрекетті кезең-кезеңімен орындауына, мәтін құрастыруына, пікірін қорғауына және кері байланыс негізінде жұмысын жетілдіруіне бағытталуы тиіс. Ұсынылған педагогикалық шарттардың өзара байланысы 4-суретте көрсетіліп, олардың мазмұны мен практикалық бағыттары 2-кестеде жүйеленді.



Сурет 4 – Ғылыми-коммуникациялық дағдыларды дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттар жүйесі

Кесте 2 – Ғылыми-коммуникациялық дағдыларды дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттар

Шарт түрі	**Мазмұны**	**Негіздеме және қолдану бағыты**
Мақсаттық	Оқу нәтижелерінде ғылыми мәтінді талдау, зерттеу сұрағын құрастыру, дәлелді жазу және ауызша ұсыну дағдыларын нақты белгілеу.	Дағдыларды пән мазмұнының жанама нәтижесі емес, арнайы қалыптастырылатын оқу нәтижесі ретінде бекітеді.
Мазмұндық	Ғылыми мақала құрылымы, академиялық адалдық, дәйексөз келтіру, зерттеу әдістері және нәтижелерді түсіндіру бойынша мазмұнды оқу бағдарламасына жүйелі енгізу.	Мақала құрылымын білу мен ғылыми жазудағы қиындықтарды азайтуға бағытталады.
Ұйымдастырушылық	Шағын зерттеу жобаларын, ғылыми үйірмелерді, студенттік конференцияларды, топтық мәтін талдауын және кезеңдік жазба тапсырмаларын ұйымдастыру.	Ғылыми әрекетті бір реттік тапсырмадан тұрақты тәжірибеге айналдырады.
Психологиялық-педагогикалық	Қателесуге мүмкіндік беретін қауіпсіз орта, сындарлы кері байланыс, өзара рецензиялау және студенттің ғылыми пікір айтуына қолдау көрсету.	Жазу мен баяндаудағы сенімсіздікті азайтып, рефлексияны күшейтеді.
Әдістемелік	Үлгі мәтіндерді талдау, мәтінді жоспарлау, жазудың кезеңдік алгоритмі, «ойлау дауыстап», сократтық сұрақтар, дебат және бірнеше рет қайта жазу тәсілдерін қолдану.	Ұғымды білуден оны нақты мәтінде және баяндамада қолдануға көшуге мүмкіндік береді.
Ақпараттық-технологиялық	Ғылыми дерекқорлармен, электрондық кітапханалармен, Google Scholar, библиографиялық менеджерлермен және мәтіннің түпнұсқалығын тексеру құралдарымен жұмыс істеуге үйрету.	Ақпарат іздеу қызығушылығын дереккөзді бағалау және академиялық адалдық дағдыларымен байланыстырады.
Кадрлық	Оқытушының зерттеу жетекшісі, кеңесші және кері байланыс беруші рөлін күшейту; академиялық жазу мен зерттеу әдістері бойынша әдістемелік даярлығын қолдау.	Студентке пәндер арасында сабақтас және тұрақты қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Ұсынылған шарттар өзара байланыста іске асқанда ғана ғылыми мәтінді түсіну, академиялық жазу және зерттеу нәтижелерін ұсыну әрекеттерінің сабақтастығын қамтамасыз ете алады. Алайда бұл шарттар осы зерттеу шеңберінде тәжірибеге енгізіліп, эксперименттік жолмен бағаланған жоқ; сондықтан оларды тиімділігі дәлелденген модель емес, диагностикалық нәтижелерге негізделген педагогикалық ұсыныстар жүйесі ретінде қарастырған жөн.

Талқылау

Алынған нәтижелер ғылыми-коммуникациялық дағдылардың жекелеген құрамдастары бірдей деңгейде қалыптаспайтынын көрсетті. Бір қарағанда, педагогикалық ғылыми ұғымдарды сипаттай алатынын көрсеткен студенттер үлесінің барлық курста 70%-дан жоғары болуы мен төртінші курс студенттерінің 75,0%-ының ғылыми мақала жазуда қиындық сезінуі арасында қайшылық бар сияқты көрінеді. Алайда бұл көрсеткіштер ғылыми-коммуникациялық даярлықтың әртүрлі деңгейлерін сипаттайды. Бірінші көрсеткіш студенттердің ғылыми ұғымдар туралы хабардарлығын және оларды сипаттай алу жөніндегі өзіндік бағасын көрсетсе, екінші көрсеткіш ғылыми білімді құрылымдалған академиялық мәтінге айналдырумен байланысты күрделі практикалық әрекетті сипаттайды. Ғылыми мақала жазу терминдерді білумен ғана шектелмейді; ол зерттеу мәселесін тұжырымдауды, ғылыми аргументацияны, мәтін құрылымын сақтауды, дереккөздерді орынды пайдалануды, нәтижелерді интерпретациялауды және академиялық стиль талаптарын бір мезгілде қолдануды талап етеді. Сондықтан алынған нәтижелерді өзара қайшы көрсеткіштер ретінде емес, ғылыми ұғымдар туралы концептуалдық хабардарлық пен сол білімді дербес ғылыми жазу әрекетінде қолдану арасында алшақтықтың бар екендігін көрсететін нәтиже ретінде түсіндіруге болады. Бұл түсіндіру Bui және әріптестерінің зерттеу нәтижелерімен үндеседі: авторлар академиялық мәтін құрастырудың тілдік біліммен ғана емес, риторикалық және когнитивтік стратегиялармен, метатанымдық реттеумен, мәтінді қайта қараумен және кері байланыс алу тәжірибесімен байланысты екенін көрсетеді [6].

Баяндама және презентация дайындаудағы қиындықтар ауызша ғылыми коммуникацияны арнайы жаттықтыру қажеттігін білдіреді. Swords және әріптестері арнайы коммуникациялық дайындықтан кейін қатысушылардың сенімділігі мен қоғамдық коммуникацияға қатысу белсенділігі артқанын көрсетеді [9]. Бұл нәтиже студенттерге тек баяндама тақырыбын берумен шектелмей, аудиторияны талдау, мазмұнды ықшамдау, визуалды дәлелдерді таңдау және бірнеше рет кері байланыс алу мүмкіндігін ұйымдастыру қажет екенін негіздейді.

Shehu мен Ademi коммуникативтік құзыреттілікті мектепке дейінгі педагогтің бастапқы даярлығының маңызды бөлігі ретінде қарастырады [5]. Зерттеу нәтижелері бұл даярлыққа ғылыми мазмұнды кәсіби және көпшілік аудиторияға бейімдеп жеткізу қабілетін де қосу қажеттігін көрсетеді. Вербицкийдің контекстік оқыту тұжырымдамасы бойынша дағды кәсіби әрекетке жақын тапсырмалар арқылы қалыптасады [10]. Сондықтан ғылыми мәтінді талдау, шағын зерттеу жүргізу, мақала фрагментін жазу және нәтижені қорғау бір-бірінен бөлек емес, бір оқу циклі аясында ұйымдастырылғаны орынды.

Интернет арқылы ақпарат іздеуге қызығушылықтың жоғары болуы цифрлық ресурстарды ғылыми жұмысқа тартуға мүмкіндік береді. Дегенмен ақпаратты табу оның ғылыми сапасын бағалау, дұрыс дәйексөз келтіру және академиялық адалдық қағидаларын сақтау дағдыларымен толықтырылуы

керек. Бұл Ақпарова көрсеткен цифрлық құзыреттіліктің ақпаратты іздеу, саралау және ұсыну қызметтерімен сәйкес келеді [13].

Төртінші курста плагиат туралы білетінін көрсеткен студенттер үлесінің 16,7%-ға дейін төмендеуі басқа курстардағы көрсеткіштермен үйлеспейді. Бастапқы жеке жауаптар мен сауалнама сұрағының нақты тұжырымы қолжетімсіз болғандықтан, бұл нәтижені студенттердің академиялық адалдық туралы білімі шын мәнінде төмендеді деп түсіндіруге негіз жоқ. Көрсеткіш сұрақты әртүрлі түсіну, жауаптарды кодтау немесе деректерді көшіру кезіндегі сәйкессіздікпен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан аталған сұрақты қайта тұжырымдап, қайталама өлшеу арқылы тексеру қажет.

Зерттеу курс топтарын бір мезетте салыстырғандықтан, нәтижелерді бір студенттің дағдысы оқу барысында міндетті түрде өсті деп түсіндіруге болмайды. Курсаралық айырмашылықтар жас, оқу тәжірибесі, пән мазмұны және топ құрамындағы ерекшеліктермен байланысты болуы ықтимал. Сол себепті ұсынылған педагогикалық шарттардың ықпалын бағалау үшін кейінгі зерттеуде бастапқы және қорытынды өлшеуі бар квазиэксперименттік дизайн қолдану қажет.

Table 3 shows how the level of logical thinking increased by 22 %, interdisciplinary skills by 35%, and the ability to make independent decisions increased by 29 %. These results show that the integration of STEM methods contributes to the development of not only academic skills, but also such important professional competencies as independence, critical thinking, and the ability to solve complex problems.

The results of the study demonstrated the importance of introducing STEM methods into the process of training mathematics teachers. At all stages of the experiment, students who took part in practical classes using STEM technologies showed a higher level of involvement in the educational process, as well as improved academic performance compared to the control group.

It turned out that the use of STEM methods not only has a positive effect on students' academic performance, but also helps them develop key competencies required in the modern educational and professional environment. One of the key features of STEM education is the emphasis on the practical application of knowledge. During the experiment, students actively worked on solving real problems, which required them not only to have deep theoretical knowledge, but also to be able to apply it in practice. For example, one of the tasks was to create a mathematical model for analyzing real data in conditions of limited resources. Such tasks require an integrated approach, integration of knowledge from various disciplines, as well as creative thinking, which helps students develop a wider range of skills [10].

The survey data also confirmed that the integration of STEM methods has a positive effect on students' motivation. More than 88% of the students in the experimental group noted that the use of interdisciplinary tasks and project assignments makes the learning process more interesting and meaningful.

The analysis of variance method (ANOVA) used to process the data showed that the differences in results between the control and experimental groups are statistically significant. This confirms that the use of STEM methods has a real impact on educational results. Significant improvement in academic performance and increased student satisfaction demonstrate the importance of moving to more practice-oriented forms of education. The results of the experiment confirm the conclusions of many researchers about the need to use STEM education to prepare future teachers [11].

The practical focus of the STEM approach helps students develop interdisciplinary integration skills. As part of the experiment, students worked on project assignments that required them to apply knowledge from various fields, such as mathematics, physics, engineering, and information technology. These assignments helped students better understand how individual disciplines can interact and complement each other in solving real-world problems [12].

One of the interesting observations from the experiment was that the experimental group showed improved results not only in tests, but also in everyday tasks that required flexibility of thinking and creative approaches to problem solving. These results highlight the importance of using practical teaching methods that help students develop not only academic knowledge, but also the professional skills needed in the future.

Thus, the conducted study demonstrates that the integration of STEM methods into the process of training mathematics teachers contributes to the improvement of students' academic performance, their involvement and interest in the educational process, as well as the development of their key professional skills. These results indicate the importance of further implementation of STEM approaches into educational practice [13].

The integration of an interdisciplinary approach into education allows students not only to better absorb the material, but also to more actively apply the acquired knowledge in practice, which is a necessary condition for the modern education system.

Conclusion

The introduction of STEM technologies into the educational process has had a significant impact on the training of future mathematics teachers at Korkyt Ata Kyzylorda University. The findings suggest that students who learn using integrated STEM methods demonstrate not only improved academic performance, but also the development of key competencies such as critical thinking, interdisciplinary collaboration, and the ability to solve real-world problems.

A 23% increase in GPA, a 23% improvement in critical thinking, and a 22 % improvement in problem-solving skills confirm the effectiveness of STEM approaches. In addition, student satisfaction with teaching methods and student engagement in the learning process also increased significantly.

The results of the study confirm the need for further implementation of STEM technologies in educational programs to prepare highly qualified teachers who are able to adapt to the new requirements of modern education. Future research can be aimed at studying the influence of STEM approaches in various disciplines, as well as developing new methods for integrating technology into the learning process.

Thus, summing up this work, we will specify the conclusions and proposals on the topic of the research:

1. The research objectives have been stated more explicitly. The study aimed to: (1) examine the theoretical and methodological foundations of integrating STEM education into mathematics teacher training; (2) develop and implement a STEM-based instructional approach for prospective mathematics teachers; (3) evaluate its effects on students' academic performance, critical-thinking abilities, and problem-solving skills; and (4) identify practical implications for improving the methodological preparation of future mathematics teachers.

2. Repetition between the Results and Conclusion sections has been reduced.

The Results section now presents the empirical findings and statistical evidence, whereas the Conclusion provides a concise interpretation of the findings, their educational implications, and the study's limitations.

3. STEM-related terminology has been clarified and standardized throughout the manuscript. "STEM education" refers to the integrated teaching of science, technology, engineering, and mathematics through interdisciplinary and practice-oriented activities. "STEM-based instructional methods" refers to the specific project-based, inquiry-based, problem-solving, and design-oriented methods used in the intervention. The general expression "STEM technologies" has been replaced where appropriate with more precise terms, such as "STEM-based instructional approaches" or "digital educational tools."

4. Statements previously formulated as expected future results have been revised to describe the actual outcomes of the completed study. Future-tense expressions such as "will be developed," "will be prepared," and "will improve" have been replaced with evidence-based formulations such as "were developed," "were prepared," and "showed improvement."

The results of the study confirmed the importance of adopting practice-oriented forms of education and integrating interdisciplinary approaches into mathematics teacher training. The integration of STEM education improved the quality of the training provided to prospective mathematics teachers and demonstrated its potential to contribute to the broader development of education. The completed study produced the following outcomes.

Scientific results:

The theoretical and methodological foundations for developing students' cognitive interest and research skills through the use of STEM technologies in mathematics education were identified.

An effective model and its structural components were developed to improve prospective mathematics teachers' methodological preparation for the use of STEM technologies.

Effective methods, tools, and technologies for integrating STEM approaches into mathematics teaching were identified and systematized.

Practical results:

Methodological guidelines and practical tools for the use of STEM technologies by mathematics teachers were developed.

Lesson plans, educational projects, and a set of practical tasks integrating STEM technologies with the school mathematics curriculum were prepared.

Practical materials designed to develop students' cognitive interest and their creative, analytical, and research abilities were compiled and tested.

Learning outcomes:

The implementation of STEM technologies increased students' interest in mathematics and contributed to the development of their research, problem-solving, critical-thinking, and logical-reasoning skills.

The professional competencies of prospective mathematics teachers improved, particularly their ability to use digital tools, interdisciplinary approaches, and innovative teaching technologies.

Students demonstrated improved mathematics achievement and greater interest in further learning and professional opportunities in STEM-related fields.

Innovative results:

Integrated STEM-oriented educational and methodological materials were developed to support improvements in the quality of mathematics education.

New pedagogical and digital technologies were incorporated into the educational process, promoting interdisciplinary, practice-oriented, and research-based learning.

The implementation of these materials improved students' academic performance, critical-thinking and problem-solving skills, and motivation to study mathematics. It also strengthened prospective teachers' professional competencies in using innovative pedagogical approaches and digital technologies.

In general, the research has enhanced the level of teaching mathematics; developed the professional skills of future teachers; and raised the grade point average and motivation for studying mathematics among students. The obtained results make it possible to raise a level of education, increase the professional qualification of teachers, enhance an interest of pupils on mathematics.

REFERENCES

[1] Pundak D., Herscovitz O., Shacham M., Wiser-Biton R. (2009). Instructors' attitudes toward active learning // Interdisciplinary Journal of E-Learning and Learning Objects. – 2009. – Vol. 5. – Pp. 215-232.

[2] Ospanova N., Mukasheva Zh. Razvitie STEM-obrazovaniya v Kazahstane: vyzovy i perspektivy // Vestnik KazNPU im. Abaya. – 2022. – No. 3(58). Pp. 45-52.

[3] Mukasheva Zh., Madieva A. Vliyanie tehnologii STEM na podgotovku pedagogov // Nauchnyi jurnal Kazahstana. – 2021. Pp. 12-22.

[4] Smith R. (2020). STEM education in the digital age // International Journal of STEM Education, 2020. – Vol. 7. – Pp. 50-60.

[5] Zhuravleva A., Orlova O. (2020). Podgotovka uchitelei v usloviyah integratsii STEM-obrazovaniya // Pedagogicheskie issledovaniya. – 2020. – Pp. 95-102.

[6] Madieva A.S. Podhody k integratsii STEM v obrazovatelnyi protsess // Obrazovanie i nauka. – 2021. – Pp. 33-42.

[7] Volosovets T.A., Morozova O.V. STEM-metody v sovremennoi obrazovatelnoi sisteme // MGPU. – 2021. Pp. 88-95.

[8] Markus J. Integrating STEM approaches into teacher education // Journal of Educational Innovation. – 2019. – Vol. 12. – Pp. 77-85.

[9] Li Q., Silver R. (2019). STEM education and teacher preparation // Advances in STEM Education. –2019. –Vol. 9. – Pp. 120-135.

[10] McCulloch G. Teacher training in the STEM field // Educational Research Review. – 2020. – Vol. 5. – Pp. 205-220.

[11] Amanjolova A.N., İzmagambetova R.K., Serıkova O.S., STEAM tehnologiyasy negızında mektep jasyna deiıngı eresek top balalarynyn tanymdyq dagdylaryn damytu // Bulletin of national academy of sciences of the Republic

of Kazakhstan. – 2023.– Vol. 6. – N. 406. – Pp. 63-75 URL:https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.617

[12] Makhmudova L.Kh., Iklasov M.K., Makhmudova K.Kh.. 2025. Project-oriented learning and steam-technologies in antropometric research among 7-grade students // Bulletin of Abai KazNPU. series of Pedagogical Sciences. – 2025. – N. 86. – Pp. 302–312. URL:https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.027

[13] Saduakassova A., Sagyndyk N., Batyrkhan S., Sapazhanov Y. Gender differences in academic performance of first-year students in stem disciplines// Journal «BULLETIN of Ablai Khan KazUIRandW Series: Pedagogical Sciences». – 2026 – Vol. 80. – No. 1. – Pp. 162-174. URL:https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.80.1.010

STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

Сейтмұратов А.[1], *Ахатай А.[2], Беркимбаев К.[3], Мукеева Г.[4]
[1,*2,4]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
[3]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада мұғалімдерді білім беру бағдарламаларында STEM технологиясын табысты пайдалануға дайындауға ықпал ететін заманауи әдістемелік тәсілдерді зерттеуге талдау жасалған. Бұл тақырыптың өзектілігі білім беруді жаһандану мен цифрландыру жағдайында аса маңызды болып табылатын математиканы оқыту үдерісіне пәнаралық білімді кіріктіре алатын мұғалімдерді даярлау қажеттілігінен туындап отыр. Зерттеу барысында білім беру бағдарламаларын талдау және STEM әдістерін енгізудің тиімділігін тексеру әдістері қолданылды. Тәсілдердің тиімділігін бағалау STEM әдістерін енгізуге дейін және одан кейінгі сынақ нәтижелерін салыстырмалы талдауға негізделген. Зерттеу көрсеткендей, математиканы оқытуда кешенді тәсілдерді қолдану оқу нәтижелерін жақсартып, студенттердің сыни ойлауын дамытады. Бұл деректердің мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін маңызды теориялық және практикалық маңызы бар. Мақаланың негізгі нәтижелері пәнаралық оқыту әдістерін енгізу оқу материалын қабылдау деңгейін жоғарылататынын, сыни ойлау мен практикалық мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Практикалық салдарға инклюзивті оқыту әдістерін және мақсатты академиялық қолдау бастамаларын дамыту жатады.

Тірек сөздер: STEM, әдістемелік дайындық, математика мұғалімдері, пәнаралық оқыту, цифрлық технологиялар, оқытудың инновациялық әдістері, кәсіби құзыреттілік, Қазақстан

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К МЕТОДИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКЕ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ В УСЛОВИЯХ ТЕХНОЛОГИИ STEM

Сейтмуратов А.[1], *Ахатай А.[2], Беркимбаев К.[3], Мукеева Г.[4]
[1,*2,4]Кызылординский университет имени Коркыт Ата
Кызылорда, Казахстан
[3]Международный казахско-турецкий университет
имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

Аннотация. В статье представлен анализ изучения современных методических подходов, которые способствуют подготовке учителей для успешного использования STEM-технологии в учебных программах. Актуальность данной темы обусловлена необходимостью подготовки педагогов, способных интегрировать междисциплинарные знания в процесс преподавания математики, что особенно важно в условиях глобализации и цифровизации образования. В исследовании были использованы методы анализа образовательных программ и тестирования эффективности внедрения STEM-методов. Оценка эффективности подходов основывалась на сравнительном анализе результатов тестирования до и после внедрения методик STEM. Исследование показывает, что использование интегрированных подходов в обучении математике способствует повышению академических результатов и развитию у студентов критического мышления.Эти данные имеют значительную теоретическую и практическую значимость для совершенствования подготовки педагогов. Основные результаты статьи показали, что внедрение междисциплинарных методов обучения повышает уровень восприятия учебного материала, способствует развитию критического мышления и навыков решения практических задач. Практические последствия включают в себя разработку инклюзивных методов обучения и целевых инициатив по академической поддержке.

Ключевые слова: STEM, методическая подготовка, учителя математики, междисциплинарное обучение, цифровые технологии, инновационные методы обучения, профессиональная компетентность, Казахстан

Received / Мақала түсті / Статья поступила: 28.01.2026
Accepted: / Жарияланға қабылданды / Принята к публикации: 25.09.2026

Information about authors:

Seitmuratov Angysyn – Doctor of Physical and Mathematical Sciences, professor, Korkyt Ata University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: angisin_@mail.ru

Akhatay Akzhan – PhD Candidate, Korkyt Ata University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: a.akzhan@icloud.com

Berkimbayev Kamalbek – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

Mukeyeva Gulbanu – PhD Candidate, Korkyt Ata University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: banu180673@gmail.com

Авторлар туралы мәлімет:

Сейтмуратов Аңғысын – ф.-м.ғ.д, профессор. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: angisin_@mail.ru

Ахатай Ақжан –докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: a.akzhan@icloud.com

Беркимбаев Камалбек – п.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

Мукеева Гүлбану – докторант,h Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: banu180673@gmail.com_

Информация об авторах:

Сейтмуратов Ангысын – д.ф.-м.н, профессор. Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, e-mail: angisin_@mail.ru

Ахатай Акжан – докторант, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, e-mail: a.akzhan@icloud.com

Беркимбаев Камалбек – д.п.н., профессор, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан, e-mail:kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

Мукеева Гульбану – докторант, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, e-mail: banu180673@gmail.com_

ӘОЖ 378.147.88
ҒТАМР 14.35.07
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.044

LESSON-STUDY-БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ

*Альдибекова Ш.Н.[1], Садыкова М.К.[2], Исмаилова Р.Б.[3], Аскарбек А.А.[4]
*[1,2]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[3,4]Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала Lesson Study технологиясын болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың инновациялық технологиясы ретінде теориялық және практикалық тұрғыдан негіздеуге арналған. Қазіргі білім беру кеңістігінде педагогке қойылатын талаптардың жаңаруы оның кәсіби құзыреттілігін, рефлексиялық мәдениетін, зерттеушілік дағдыларын және ынтымақтастықта жұмыс істеу қабілетін дамытуды талап етеді. Осы тұрғыдан Lesson Study болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдірудің тиімді технологияларының бірі ретінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – Lesson Study цикліне қатысу барысында болашақ педагогтердің әдістемелік, зерттеушілік, аналитикалық, коммуникативтік және рефлексивтік құзыреттіліктерінде байқалатын өзгерістерді анықтау және бұл өзгерістерді Lesson Study кезеңдерімен теориялық тұрғыдан байланыстыру.

Зерттеу нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалы динамикасын көрсетті. Эксперименттік топта әдістемелік, зерттеушілік, аналитикалық, коммуникативтік және рефлексивтік құзыреттіліктер бойынша айқын өсім тіркелді, ал бақылау тобында көрсеткіштер салыстырмалы түрде тұрақты болып, өзгеріс -2 мен +3 пайыздық тармақ аралығында болды. Бұл айырмашылық Lesson Study цикліне қатысқан студенттердің кәсіби әрекетіндегі оң динамиканың бақылау тобымен салыстырғанда анағұрлым жоғары болғанын сипаттамалық деңгейде көрсетеді. Сұхбат пен рефлексиялық жазбалардың мазмұндық талдауы сандық динамиканы студенттердің жоспарлау, бақылау, талдау және қайта жоспарлау тәжірибесімен байланыстыра түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Lesson Study кезеңдері мен болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігінің бес компоненті арасындағы ықтимал механизмдік байланысты жүйелейтін құрылымдық-функционалдық модельді нақтылаудан тұрады. Модельде бірлескен жоспарлау – әдістемелік компонентпен; оқушы әрекетін жүйелі бақылау – зерттеушілік және аналитикалық компоненттермен; бірлескен талқылау – коммуникативтік компонентпен; рефлексия және қайта жоспарлау – рефлексивтік компонентпен байланыстырылды.

Алынған нәтижелер Lesson Study-ді болашақ педагогтердің кәсіби практикасын зерттеушілік және рефлексивтік әрекетпен байланыстыратын нәтижелі тәсіл ретінде қарастыруға негіз береді. Эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалы нәтижелері Lesson Study қолданылған топта кәсіби құзыреттіліктер динамикасының жоғары болғанын көрсетті. Сонымен бірге жеке деңгейдегі бастапқы деректердің толық сақталмауына байланысты инференциялық статистика жүргізілмегені ескеріліп, нәтижелер сипаттамалық салыстыру шеңберінде интерпретацияланды.

Тірек сөздер: Lesson Study, болашақ педагог, кәсіби құзыреттілік, инновациялық технология, педагогикалық рефлексия, ынтымақтастық, зерттеушілік дағды, кәсіби даму

Кіріспе

Қазіргі мұғалім даярлау жүйесінде теориялық білімді меңгеру мен оны нақты сынып жағдайында дәлелдерге сүйеніп қолдану арасында алшақтық сақталуы мүмкін. Педагогикалық практика студентке сабақ өткізу тәжірибесін бергенімен, оқушы әрекетін жүйелі бақылау, алынған деректерді талдау, әріптеспен бірлесіп шешім қабылдау және өз әрекетін қайта жоспарлау әрдайым біртұтас цикл ретінде ұйымдастырыла бермейді. Осыған байланысты болашақ педагогтің кәсіби даярлығын тек сабақ өткізу нәтижесімен емес, әдістемелік шешімнің негізділігі, зерттеушілік әрекет, талдау, кәсіби коммуникация және рефлексия бірлігінде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің өзектілігін айқындайтын негізгі қайшылық – педагогикалық жоғары оқу орнында студенттен дәлелдерге негізделген, рефлексивті және зерттеушілік кәсіби әрекет талап етілуі мен кәсіби практикада бұл әрекеттерді бір циклге біріктіретін тұрақты тетіктің жеткілікті сипатталмауы арасындағы қайшылық. Осы қайшылықтан зерттеу мәселесі туындайды: Lesson Study циклінің қандай кезеңдері болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігінің жекелеген компоненттерін дамытуға мүмкіндік береді және бұл өзгерістер педагогикалық практика жағдайында қалай көрінеді?

Бұл зерттеуде кәсіби құзыреттілік бес өзара байланысты компонент арқылы қарастырылды: әдістемелік, зерттеушілік, аналитикалық, коммуникативтік және рефлексивтік. Мұндай құрылым Lesson Study табиғатымен үйлеседі: бірлескен жоспарлау әдістемелік шешімдерді негіздеуді; оқушы әрекетін мақсатты бақылау дерек жинауды; бақылау материалдарын талдау себеп-салдарлық байланыстарды пайымдауды; топтық талқылау кәсіби коммуникацияны; ал сабаққа өзгеріс енгізу рефлексия мен қайта жоспарлауды талап етеді. Lesson Study-дің кәсіби білім мен мұғалімнің оқуын дамытудағы осы ерекшеліктері C. Lewis [2], C. Fernandez және M. Yoshida [5], P. Dudley [7], C. Lewis пен J. Hurd [9], W. Cerbin мен B. Kopp [11] еңбектерінде әр қырынан негізделген.

Халықаралық зерттеулер Lesson Study-ді мұғалімдердің кәсіби білімін бірлесіп құру, оқушы оқуын бақылау және сабақты деректер негізінде жетілдіру тәсілі ретінде сипаттайды [2; 5; 7; 9; 11]. Қазақстандық

еңбектерде тәсілді жоғары оқу орнына енгізу [3], оқыту мен оқудың өсу динамикасын талдау [4], білім беру ұйымдарында әдістемелік ұйымдастыру [6], студенттердің зерттеушілік әрекетінде пайдалану [8] және қазақстандық контексте іске асыру мәселелері [15] қарастырылған. Бұл жұмыстар Lesson Study-дің әлеуетін көрсеткенімен, болашақ педагогтердің кәсіби практикасы барысында оның бес құзыреттілік компонентімен механизмдік байланысын бір модельде жүйелеу және сандық деректерді сапалық рефлексиямен ұштастыра түсіндіру мәселесі жеткілікті ашылмаған.

Осыған байланысты зерттеу сұрағы былай тұжырымдалды: Lesson Study циклiндегі бірлескен жоспарлау, зерттеу сабағы, оқушы әрекетін бақылау, бірлескен талқылау, рефлексия және қайта жоспарлау болашақ педагогтердің әдістемелік, зерттеушілік, аналитикалық, коммуникативтік және рефлексивтік құзыреттіліктеріндегі өзгерістермен қалай байланысады?

Зерттеу гипотезасы: егер педагогикалық практика Lesson Study-дің толық циклі негізінде ұйымдастырылып, студенттер сабақ мақсатын бірлесіп нақтыласа, оқушы әрекеті бойынша дерек жинаса, оны топта талдап, рефлексия нәтижесінде келесі сабақты қайта жоспарласа, онда олардың кәсіби құзыреттілігінің аталған компоненттерінде оң динамика байқалады; бұл динамика рефлексиялық жазбалар мен бақылау материалдарында кәсіби пайымдаудың сипаттамадан дәлелді талдауға қарай өзгеруі арқылы көрінеді.

Зерттеудің мақсаты – Lesson Study циклі мен болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің бес компоненті арасындағы теориялық байланысты негіздеу және педагогикалық практика барысында олардың бастапқы-қорытынды динамикасын сандық және сапалық деректер арқылы сипаттау.

Зерттеу міндеттері: 1) Lesson Study жөніндегі отандық және шетелдік зерттеулерді салыстырып, кәсіби құзыреттіліктің бес компонентін таңдаудың теориялық негізін айқындау; 2) Lesson Study кезеңдері мен құзыреттілік компоненттері арасындағы байланысты көрсететін құрылымдық-функционалдық модельді нақтылау; 3) эксперименттік және бақылау топтарындағы кәсіби құзыреттіліктің бастапқы және қорытынды көрсеткіштерін салыстыру; 4) бақылау, сұхбат және рефлексиялық журнал деректері арқылы сандық динамиканы сапалық тұрғыдан түсіндіру; 5) зерттеу нәтижелерін жинақтап, модельді педагогикалық практикада қолдану мүмкіндіктерін айқындау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Lesson Study кезеңдері мен кәсіби құзыреттіліктің бес компоненті арасындағы механизмдік байланысты жүйелеу және оны педагогикалық практикадағы бастапқы-қорытынды диагностика мен сапалық рефлексия деректері арқылы сипаттаудан тұрады. Зерттеу себеп-салдарлық тиімділікті түпкілікті дәлелдеуді емес, ұсынылған модельдің эмпирикалық негізділігін бастапқы деңгейде тексеруді көздейді.

Кесте 1. Lesson Study кезеңдерінің сызба-кестесі

Кезеңдер	**Кезең атауы**	**Мазмұны**
1-кезең	Зерттеу тобын құру	Мұғалімдер тобы қалыптастырылады, пәні мен сыныбы анықталады
2-кезең	Зерттеу мәселесін анықтау	Оқушылардың оқуындағы қиындықтар айқындалып, зерттеу мақсаты қойылады
3-кезең	Зерттеу сабағын жоспарлау	Бірлесіп сабақ жоспары әзірленеді, бақылау нысандары белгіленеді
4-кезең	Зерттеу сабағын өткізу	Сабақты бір мұғалім өткізеді, қалғандары оқушыларды бақылайды
5-кезең	Сабақты талдау	Оқушылардың оқу әрекеттері талданып, дәлелдер негізінде қорытынды жасалады
6-кезең	Сабақты жетілдіру	Сабақ жоспары қайта қаралып, толықтырылады
7-кезең	Қорытындылау және тарату	Зерттеу нәтижелері жинақталып, әріптестермен бөлісіледі

Әдебиеттерді салыстырмалы талдау Lesson Study жөніндегі зерттеулерді төрт бағытқа топтастыруға мүмкіндік берді: зерттеу сабағының циклдік құрылымы; мұғалімнің кәсіби оқуы; жоғары білім мен болашақ мұғалім даярлау; Қазақстан жағдайында бейімдеу. Негізгі зерттеулердің мазмұны 2-кестеде жинақталды [2–11; 15].

Кесте 2. Lesson Study технологиясының теориялық және әдіснамалық негіздерін қалыптастырған ғалымдардың ғылыми тұжырымдамалары

№	Ғалымдар	Ел	Зерттеу нысаны
1	Makoto Yoshida	Жапония	Lesson Study технологиясының қалыптасуы, зерттеу сабақтарын ұйымдастыру және кезеңдерін ғылыми негіздеу.
2	Catherine Lewis	АҚШ	Lesson Study арқылы мұғалімдердің кәсіби дамуы, бірлескен жоспарлау және оқыту сапасын арттыру.
3	Peter Dudley	Ұлыбритания	Lesson Study негізінде педагогтердің кәсіби оқуы, оқушының оқу әрекетін зерттеу және дәлелдерге негізделген педагогикалық шешім қабылдау.
4	Clea Fernandez	АҚШ	Lesson Study технологиясын жоғары білім беру жүйесінде және болашақ мұғалімдерді даярлауда қолданудың ерекшеліктері.
5	James W. Stigler, James Hiebert	АҚШ	Жапондық Lesson Study тәжірибесін халықаралық білім беру жүйесіне енгізу және мұғалімдердің кәсіби дамуы.
6	Ж.М.Майгельдиева Р.Х. Курманбаев, Ұ.Б. Қоянбаева	Қазақстан	Жоғары оқу орындарында Lesson Study технологиясын енгізу және болашақ педагогтердің зерттеушілік құзыреттілігін дамыту.
7	А.М.Жубандыкова Р.А. Набуова, Б.О. Арзанбаева	Қазақстан	Lesson Study технологиясын студенттердің зерттеушілік қызметінде қолданудың тиімділігі.
8	З.К. Разбекова, Ж.М. Мамерханова	Қазақстан	Lesson Study тәсілін білім беру ұйымдарының тәжірибесіне енгізудің әдістемелік негіздері.

9	М.К. Түйебаев, Ш. Айткенов	Қазақстан	Lesson Study арқылы оқыту мен оқудың өсу динамикасын бағалау және зерттеу сабақтарын талдау.
10	Г.М. Ельжанова, Н.С. Исиргепова	Қазақстан	Lesson Study тәсілінің ерекшеліктері және оны мектеп тәжірибесінде қолдану.

Lesson Study технологиясының циклдік құрылымы кәсіби практиканы бірлескен жоспарлау, зерттеу сабағын өткізу, білім алушылардың оқу әрекетін мақсатты бақылау, алынған деректерді талдау, кәсіби рефлексия және қайта жоспарлау үдерістерімен байланыстырады. Мұндай ұйымдастыруда негізгі назар педагогтің әрекетін бағалауға емес, білім алушының оқу әрекетін зерттеуге және жинақталған дәлелдер негізінде келесі педагогикалық шешімді жетілдіруге бағытталады. Осы ерекшелік Lesson Study-ді болашақ педагогтердің теориялық білімін нақты педагогикалық жағдаяттарды зерттеумен ұштастыратын зерттеушілік-рефлексивтік тәсіл ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Lesson Study циклиндегі кәсіби әрекеттер зерттеуде қарастырылған құзыреттілік компоненттерімен мазмұндық тұрғыдан сабақтасады: бірлескен жоспарлау әдістемелік шешімдерді негіздеуге, оқушы әрекетін мақсатты бақылау зерттеушілік деректерді жинауға, алынған деректерді түсіндіру аналитикалық пайымдауға, бірлескен талқылау кәсіби коммуникацияға, ал рефлексия мен қайта жоспарлау педагогикалық шешімді қайта қарауға мүмкіндік береді. Осы байланыс зерттеуде ұсынылған құрылымдық-функционалдық модельдің теориялық негізін құрайды.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, халықаралық авторлар Lesson Study-дің негізгі механизмдерін бірлескен жоспарлау, оқушы оқуын дәлел ретінде бақылау, кәсіби диалог және қайта жоспарлаумен байланыстырады [2; 5; 7; 9; 11]. Қазақстандық зерттеулер тәсілдің жоғары оқу орны мен мектеп тәжірибесіне бейімделу мүмкіндігін көрсетеді [3; 4; 6; 8; 10; 15]. Алайда зерттеулердің бір бөлігінде кәсіби құзыреттілік компоненттері жеке-жеке өлшенбейді немесе олардың Lesson Study кезеңдерімен тікелей байланысы модельденбейді. Сондықтан осы зерттеуде бес компоненттің әрқайсысы нақты кәсіби әрекетпен байланыстырылып, модельдің логикасы эмпирикалық деректермен салыстырылды.

Осы теориялық негіз Lesson Study-ді болашақ педагогтердің кәсіби практикасын ұйымдастырудың зерттеушілік-рефлексивтік тәсілі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұжырым зерттеудің эмпирикалық бөлігінде себеп-салдарлық әсер туралы абсолютті қорытынды емес, Lesson Study циклі мен кәсіби құзыреттілік динамикасы арасындағы байланысты сипаттайтын жұмыс моделі ретінде тексерілді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу педагогикалық практика жағдайында ұйымдастырылған салыстырмалы бастапқы-қорытынды (pretest-posttest) дизайнға негізделді. Зерттеуге Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 6В01302 –

«Бастауыш білім беру» IP білім беру бағдарламасының 4-курс студенттері қатысты (N=50). Эксперименттік топқа 25 студент, бақылау тобына 25 студент енгізілді. Зерттеудің тәжірибелік кезеңі №81 мектеп-гимназия базасында 2025 жылдың қараша айында педагогикалық практика барысында өткізілді. Эксперименттік топта Lesson Study циклі кәсіби практика мазмұнымен кіріктіріліп ұйымдастырылса, бақылау тобында практика дәстүрлі ұйымдастыру тәртібімен жүргізілді.

Зерттеуде теориялық талдау, педагогикалық бақылау, бастапқы-қорытынды диагностика, сауалнама, жартылай құрылымданған сұхбат және рефлексиялық журнал қолданылды. Болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін бағалау үшін бес компоненттен тұратын критериалды-диагностикалық карта пайдаланылды. Әдістемелік компонент оқу мақсатына сәйкес сабақты жоспарлау, тапсырмаларды саралау және әдісті негіздеу; зерттеушілік компонент бақылау нысанын анықтау, дерек жинау және тіркеу; аналитикалық компонент алынған деректерді салыстыру, оқу қиындықтарының себептерін түсіндіру және қорытынды жасау; коммуникативтік компонент бірлескен жоспарлау мен кәсіби талқылауға қатысу, дәлелді пікірбілдіру және ортақшешімұсыну; рефлексивтік компонент өзінің педагогикалық шешімін бағалау, оның нәтижесін оқушы әрекетімен байланыстыру және келесі сабаққа негізделген өзгеріс ұсыну көрсеткіштері арқылы бағаланды. Бағалау мазмұны Lesson Study цикліндегі нақты кәсіби әрекеттермен және зерттеудің теориялық бөлімінде негізделген құзыреттілік компоненттерімен сәйкестендірілді. Деректердің мазмұндық негізділігін күшейту үшін әдістер триангуляциясы қолданылды: диагностикалық карта мен педагогикалық бақылау нәтижелері сауалнама, сұхбат және рефлексиялық журнал материалдарымен өзара салыстырылды. Осылайша, қорытынды бір ғана өлшемге емес, бірнеше дерек көзіне сүйеніп жасалды. Зерттеуде стандартталған психометриялық тест қолданылмағандықтан, Cronbach α тәрізді ішкі келісімділік коэффициенттері есептелген жоқ; осы себепті мақалада өлшеу құралының сенімділігі туралы негізсіз сандық коэффициент берілмейді. Сандық деректер эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы және қорытынды пайыздық көрсеткіштерін салыстыру, абсолюттік өзгерісті пайыздық тармақпен есептеу және топтар динамикасын бес компонент бойынша қатар талдау арқылы өңделді.

Lesson Study циклі үш өзара сабақтас зерттеу сабағы арқылы ұйымдастырылды. Студенттер зерттеу мәселесін анықтау, сабақты бірлесіп жоспарлау, зерттеу сабағын өткізу, A, B және C фокус-оқушыларының оқу әрекетін бақылау, жиналған деректерді талдау, рефлексия жүргізу және келесі сабақты қайта жоспарлау кезеңдеріне қатысты. Оқушылардың деректері зерттеудің негізгі нәтижесі емес, студенттердің бақылау мен педагогикалық шешім қабылдау әрекетіне контекстік дәлел ретінде пайдаланылды. Бұл тәсіл Lesson Study-дің оқушы оқуын егжей-тегжейлі бақылауға бағытталған табиғатына сәйкес келеді [7; 9].

Сандық деректер сипаттамалық салыстыру арқылы талданды: эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы және қорытынды

пайыздық көрсеткіштері, сондай-ақ пайыздық тармақпен берілген өзгеріс есептелді. Екі топтың бастапқы көрсеткіштері өзара салыстырылып, қорытынды кезеңдегі динамика бес құзыреттілік компоненті бойынша қарастырылды. Жеке студенттер деңгейіндегі бастапқы хаттамалар толық сақталмағандықтан, осы редакцияда инференциялық статистика қолданылмады және статистикалық мәнділік туралы тұжырым жасалмады. Сапалық деректерге мазмұндық талдау жүргізіліп, рефлексиялық журналдар мен сұхбат жауаптары «жоспарлауды негіздеу», «оқушы дерегіне сүйену», «себепті түсіндіру», «бірлескен шешім», «қайта жоспарлау» категориялары бойынша топтастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Lesson Study нәтижелерін талқылауда оның кәсіби рефлексия мен бірлескен педагогикалық талдауға негізделетін сипаты ескерілді. Зерттеу сабақтары барысында студенттер оқу мақсатын нақтылау, оқушы әрекетін бақылау және жиналған деректерді келесі сабақтың мазмұнын жетілдіруге пайдалану тәжірибесін меңгерді. Бұл үдеріс кәсіби құзыреттіліктің жекелеген компоненттерін оқшау емес, өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік берді.

Эксперименттік топтағы Lesson Study жұмысы үш өзара сабақтас зерттеу сабағы арқылы ұйымдастырылды. Әр циклде сабақ бірлесіп жоспарланып, өткізіліп, A, B және C деңгейіндегі оқушылардың әрекеті бақыланды; кейін бақылау деректері талданып, келесі сабаққа түзетулер енгізілді. Осы қайталанатын цикл студенттердің педагогикалық болжамдарын нақты деректермен салыстыруына және қабылданған әдістемелік шешімдердің нәтижесін бағалауына жағдай жасады.

Зерттеу сабақтарының қорытындылары екі деңгейде қарастырылды. Бірінші деңгей оқушылардың оқу жетістіктері мен танымдық белсенділігіндегі өзгерістерді, екінші деңгей болашақ педагогтердің әдістемелік, зерттеушілік, аналитикалық, коммуникативтік және рефлексивтік құзыреттіліктерінің динамикасын қамтыды. Мұндай бөлу Lesson Study-дің оқушы оқуына және студенттің кәсіби әрекетіне ықпалын өзара байланысты, бірақ дербес көрсеткіштер арқылы талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелерді ұсыну формасы әртүрлі болуы мүмкін: ашық сабақ өткізу немесе орындалған жұмыстың қорытындыларын таныстыру. Lesson Study мұғалімдерді оқыту мен олардың кәсіби әдістерін жетілдіруге бағытталған бірлескен тәсіл ретінде сипатталады. Бірлескен оқыту өзара сыйластыққа негізделген, қатысушылардың кәсіби әлеуетін айқындайтын және топ мүшелерінің жеке үлесін бағалауға мүмкіндік беретін философия болып табылады. Оның негізгі алғышарты – ынтымақтастық арқылы ортақ келісімге қол жеткізу (Doig et al., 2011; Эльмира және басқалар, 2021; Стамбекова және басқалар, 2021).

Зерттеу мақсатына сәйкес негізгі талдау Lesson Study циклiне қатысқан болашақ педагогтердің кәсіби әрекетіндегі өзгерістерге бағытталды.

Жаратылыстану пәні бойын Lesson Study технологиясының циклдік құрылымы кәсіби практиканы бірлескен жоспарлау, зерттеу сабағын өткізу, білім алушылардың оқу әрекетін мақсатты бақылау, алынған деректерді талдау, кәсіби рефлексия және қайта жоспарлау үдерістерімен байланыстырады. Мұндай ұйымдастыруда негізгі назар педагогтің әрекетін бағалауға емес, білім алушының оқу әрекетін зерттеуге және жинақталған дәлелдер негізінде келесі педагогикалық шешімді жетілдіруге бағытталады. Осы ерекшелік Lesson Study-ді болашақ педагогтердің теориялық білімін нақты педагогикалық жағдаяттарды зерттеумен ұштастыратын зерттеушілік-рефлексивтік тәсіл ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Lesson Study цикліндегі кәсіби әрекеттер зерттеуде қарастырылған құзыреттілік компоненттерімен мазмұндық тұрғыдан сабақтасады: бірлескен жоспарлау әдістемелік шешімдерді негіздеуге, оқушы әрекетін мақсатты бақылау зерттеушілік деректерді жинауға, алынған деректерді түсіндіру аналитикалық пайымдауға, бірлескен талқылау кәсіби коммуникацияға, ал рефлексия мен қайта жоспарлау педагогикалық шешімді қайта қарауға мүмкіндік береді. Осы байланыс зерттеуде ұсынылған құрылымдық-функционалдық модельдің теориялық негізін құрайды.ша ұйымдастырылған зерттеу сабақтарындағы A, B және C фокус-оқушыларының көрсеткіштері студенттердің бақылау, талдау және қайта жоспарлау шешімдерін түсіндіретін контекстік дерек ретінде қарастырылды; олар Lesson Study тиімділігінің дербес статистикалық дәлелі ретінде пайдаланылған жоқ.

Lesson Study зерттеу сабақтары басталғанға дейін фокус-оқушыларды анықтау мақсатында алдын ала диагностикалық тест және педагогикалық бақылау жүргізілді. Сандық және сапалық деректерді өзара байланысты талдау Lesson Study кезеңдері мен кәсіби құзыреттілік компоненттері арасында зерттеудің теориялық бөлімінде болжанған мазмұндық сәйкестіктерді нақтылауға мүмкіндік берді. Бірлескен жоспарлау әдістемелік шешімдерді негіздеумен, оқушы әрекетін мақсатты бақылау зерттеушілік дерек жинаумен, бақылау материалдарын түсіндіру аналитикалық пайымдаумен, бірлескен талқылау кәсіби коммуникациямен, ал рефлексия және қайта жоспарлау педагогикалық шешімді қайта қараумен байланысты болды Lesson Study зерттеу сабақтары басталғанға дейін бастапқы оқу мүмкіндіктері әртүрлі үш фокус-оқушы мақсатты түрде таңдалды. Оларды іріктеуде оқу тапсырмаларын орындау ерекшелігі, сабақтағы белсенділігі, дербес жұмыс істеуі және педагогикалық қолдауға қажеттілігі ескерілді. A, B және C белгілеулері оқушыларды тұрақты деңгейлерге бөлу үшін емес, Lesson Study барысында енгізілген педагогикалық өзгерістерге бастапқы мүмкіндіктері әртүрлі оқушылардың жауап беру ерекшеліктерін жүйелі бақылау мақсатында қолданылды. Фокус-оқушылардың бастапқы сипаттамасы 3-кестеде берілді.

Кесте 3. Lesson Study басталғанға дейінгі А, В және С фокус-оқушыларының оқу әрекетінің бастапқы сипаттамасы

Фокус-оқушы	*Оқу тапсырмаларын орындау ерекшелігі*	*Сабақтағы белсенділігі*	*Дербес жұмыс істеуі*	*Педагогикалық қолдау қажеттілігі*
А	Оқу тапсырмаларын толық орындайды, күрделі тапсырмаларда білімін қолдана алады	Тұрақты белсенділік танытады, талқылауға еркін қатысады	Тапсырмаларды негізінен өздігінен орындайды	Күрделендірілген және шығармашылық тапсырмалар ұсыну
В	Негізгі тапсырмаларды орындайды, талдау мен қорытындылауда бағыттауды қажет етеді	Сабаққа қатысады, бірақ күрделі сұрақтарда белсенділігі төмендейді	Жекелеген тапсырмаларда мұғалімнің бағыттауын қажет етеді	Кезеңдік сұрақтар, үлгі және кері байланыс беру
С	Тапсырманы түсіну және орындауда жүйелі қолдауды қажет етеді	Белсенділігі тұрақсыз, өз ойын білдіруге қиналады	Өздігінен орындауда қиындық байқалады	Сараланған тапсырма, жұптық/топтық қолдау және жүйелі кері байланыс

Бастапқы бақылау фокус-оқушылардың оқу әрекетінде әртүрлі ерекшеліктер бар екенін көрсетті. А оқушысы оқу тапсырмаларын дербес орындап, сабақ барысында тұрақты белсенділік танытса, В оқушысы негізгі тапсырмаларды орындағанымен, күрделі әрекеттерде кезеңдік бағыттауды қажет етті. С оқушысының тапсырмаларды өздігінен орындауы мен өз ойын білдіруінде қиындықтар байқалып, жүйелі педагогикалық қолдау қажеттілігі анықталды. Осы бастапқы ерекшеліктер келесі Lesson Study циклдерінде тапсырмаларды саралау, сұрақтарды кезеңдеу, жұптық және топтық қолдау мен кері байланысты жоспарлауға негіз болды.

Lesson Study циклі барысында оқушылардың оқу жетістіктеріндегі өзгерістерді анықтау мақсатында деңгейлік тапсырмаларды орындау нәтижелеріне талдау жүргізілді. Тапсырмалар Блум таксономиясының танымдық деңгейлеріне сәйкес құрастырылып, оқушылардың білімді меңгеруімен қатар, оны қолдану, талдау және қорытынды жасау дағдыларын бағалауға бағытталды. Зерттеу нәтижелері оқушылардың деңгейлік тапсырмаларды орындау көрсеткіштерінде оң динамиканың қалыптасқанын көрсетті.

Кесте 4. А, В және С фокус-оқушыларының деңгейлік тапсырмаларды орындау нәтижелерінің динамикасы (%)

Фокус-оқушы	*Lesson Study циклінe дейін, %*	*Lesson Study циклінен кейін, %*	*Өзгеріс, пайыздық тармақ*
А	88	95	+7
В	69	83	+14
С	46	68	+22

Нәтиже көрсеткендей, деңгейлік тапсырмаларды орындауда оқушылардың оқу жетістіктерінде айырмашылық бар екенін көрсетті. А деңгейіндегі оқушы барлық танымдық деңгейдегі тапсырмаларды жоғары нәтижемен орындап, орташа көрсеткіші 95%-ды құрады. В деңгейіндегі оқушының орташа көрсеткіші 83% болып, білімді қолдану мен талдау деңгейіндегі тапсырмаларда оң нәтижелер байқалды. С деңгейіндегі оқушының орташа көрсеткіші 68%-ды құрады. Дегенмен зерттеу сабақтарының барысында оның жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындау сапасы біртіндеп жақсарып, оқу белсенділігі артты. Алынған нәтижелер деңгейлік тапсырмаларды жүйелі қолдану әртүрлі дайындық деңгейіндегі оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және оқу жетістіктерін жақсартуға ықпал еткенін дәлелдейді.

Зерттеу сабақтарының аяқталуынан кейін оқушылардың білім сапасындағы өзгерістер қайта бағаланды. Бағалау нәтижелері бастапқы және қорытынды диагностика көрсеткіштерін салыстыру арқылы анықталды. Талдау нәтижелері оқушылардың білімді меңгеру деңгейінде, танымдық белсенділігінде және тапсырмаларды өздігінен орындауында оң өзгерістердің қалыптасқанын көрсетті.

Фокус-оқушылардың жеке динамикасымен қатар, зерттеу сыныбындағы оқушылардың оқу әрекетінде байқалған жалпы өзгерістер де қарастырылды. Бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелері білім сапасы, танымдық белсенділік және өздігінен жұмыс істеу көрсеткіштері бойынша салыстырылды (Кесте 5).

Кесте 5. Lesson Study цикліне дейінгі және кейінгі білім сапасының өзгеру динамикасы

Көрсеткіш	*Экспериментке дейін*	*Эксперименттен кейін*	*Өзгеріс*
Білім сапасы	39%	76%	+37%
Танымдық белсенділік	48%	82%	+34%
Өздігінен жұмыс істеу	44%	79%	+35%

Эксперименттің соңында барлық деңгейдегі оқушылардың оқу жетістіктері артқаны байқалды. Әсіресе бастапқы кезеңде оқу қиындықтары анықталған С деңгейіндегі оқушының нәтижесінде айқын өсім тіркелді. В деңгейіндегі оқушының жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындау көрсеткіші тұрақты түрде жақсарып, білімді қолдану мен талдау дағдыларының дамығаны анықталды. А деңгейіндегі оқушы күрделі тапсырмаларды орындауда жоғары нәтижесін сақтап, шығармашылық сипаттағы жұмыстарды орындау сапасын арттырды.

Оқушылар көрсеткіштеріндегі оң динамика Lesson Study циклінде тапсырмаларды қайта жоспарлау мен фокус-оқушыларды мақсатты бақылаудың практикалық маңызын сипаттайды. Алайда үш фокус-оқушыға негізделген бұл деректерді жалпы оқушы популяциясына таратуға немесе Lesson Study-дің себеп-салдарлық әсері ретінде түсіндіруге болмайды. Олардың негізгі қызметі – студенттердің зерттеушілік және аналитикалық әрекетіне нақты бақылау материалы болу.

Студенттердің кәсіби құзыреттіліктері бойынша эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы-қорытынды нәтижелерін салыстыру екі топтағы динамиканың әртүрлі болғанын көрсетті. Эксперименттік топта барлық бес компонент бойынша 27–35 пайыздық тармақ аралығында өсім байқалса, бақылау тобында өзгеріс -2 мен +3 пайыздық тармақ шегінде қалды. Осы сипаттамалық айырмашылық Lesson Study циклі енгізілген топтағы кәсіби даму динамикасының бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болғанын көрсетеді.

Кесте 6. Lesson Study барысында қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктер

Lesson Study үдерісіндегі әрекет	*Қалыптасқан құзыреттілік*	*Нәтижесі*
Сабақты жоспарлау	Әдістемелік	Оқу мақсаттарына сәйкес деңгейлік тапсырмалар құрастырды
Оқушыларды бақылау	Зерттеушілік	А, В, С деңгейіндегі оқушылардың оқу әрекетін талдады
Сабақты талдау	Аналитикалық	Оқу қиындықтарының себептерін анықтап, дәлелдерге сүйеніп қорытынды жасады
Рефлексия жүргізу	Рефлексивтік	Сабақтың тиімді және әлсіз тұстарын бағалап, келесі сабаққа өзгерістер енгізді
Бірлескен талқылау	Коммуникативтік	Әріптестерімен кәсіби пікір алмасып, ортақ шешім қабылдады

Кесте 7. Эксперименттік және бақылау топтарындағы кәсіби құзыреттіліктердің салыстырмалы динамикасы (%)

Құзыреттілік	*ЭТ бастапқы (%)*	*ЭТ қорытынды (%)*	*ЭТ өзгеріс*	*БТ бастапқы (%)*	*БТ қорытынды (%)*	*БТ өзгеріс*
Әдістемелік	62	90	+28	63	65	+2
Зерттеушілік	58	88	+30	60	58	-2
Аналитикалық	55	85	+30	60	63	+3
Коммуникативтік	64	91	+27	66	65	-1
Рефлексивтік	57	92	+35	66	69	+3



Сурет 1. Lesson Study барысында болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерінің даму динамикасы

Кесте 7 деректері эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштерінде белгілі бір айырмашылықтар болғанымен, қорытынды кезеңде олардың даму динамикасының бағыттары айқын ажырағанын көрсетті.

Эксперименттік топта әдістемелік құзыреттілік 62%-дан 90%-ға (+28), зерттеушілік 58%-дан 88%-ға (+30), аналитикалық 55%-дан 85%-ға (+30), коммуникативтік 64%-дан 91%-ға (+27), рефлексивтік 57%-дан 92%-ға (+35) дейін артты. Бақылау тобында әдістемелік көрсеткіш 63%-дан 65%-ға (+2), зерттеушілік 60%-дан 58%-ға (-2), аналитикалық 60%-дан 63%-ға (+3), коммуникативтік 66%-дан 65%-ға (-1), рефлексивтік 66%-дан 69%-ға (+3) өзгерді. Осылайша, бақылау тобында көрсеткіштер негізінен тұрақты деңгейде сақталған, ал эксперименттік топта барлық компонент бойынша айқын оң динамика байқалған.

Бұл динамика зерттеу сабағын жоспарлау, бақылау және бірлесіп талдау әрекеттерінің студенттердің кәсіби пайымдауымен тікелей байланысын көрсетеді. Сабаққа енгізілетін өзгерістер жеке пікірге емес, оқушы әрекетінен алынған бақылау деректеріне сүйеніп негізделді. Нәтижесінде студенттердің рефлексиясы сабақтың сәтті немесе сәтсіз өтуін сипаттаудан оның себептерін талдауға және келесі педагогикалық шешімді дәлелдеуге бағытталды.

Сапалық деректер сандық өзгерістерді түсіндіруге мүмкіндік берді. Рефлексиялық журналдар мен сұхбат материалдарын мазмұндық талдауда бастапқы жазбаларда «сабақ жақсы/қиын өтті» тәрізді жалпы сипаттамалар басым болса, цикл соңындағы жазбаларда студенттер фокус-оқушылардың нақты әрекетіне, тапсырманың орындалу ерекшелігіне және келесі сабаққа енгізілетін өзгерістің себебіне жиірек сүйенгені байқалды. Бірлескен талқылауларда жеке пікірді ұсынудан гөрі бақылау дерегін ортақ шешімге негіз ету үрдісі күшейді. Бұл сапалық өзгерістер рефлексивтік, зерттеушілік және аналитикалық компоненттердегі сандық өсіммен мазмұндық тұрғыдан үйлесті. Сапалық материалдар студенттердің жеке тұлғасын сәйкестендіретін деректерді көрсетпей, мазмұндық категориялар бойынша жинақталып талданды.

Оқушылар нәтижелері де Lesson Study циклінің әртүрлі бастапқы деңгейдегі білім алушылар үшін бірдей емес, сараланған өзгеріс бергенін көрсетті. А деңгейіндегі көрсеткіш 88%-дан 95%-ға, В деңгейінде 69%-дан 83%-ға, С деңгейінде 46%-дан 68%-ға өсті. С деңгейіндегі 22 пайыздық тармақтық өсім бастапқыда көбірек қолдауды қажет еткен оқушы үшін тапсырмаларды қайта жоспарлау мен мақсатты бақылаудың маңызын айқындайды.

Осы эмпирикалық деректер Lesson Study кезеңдері мен кәсіби құзыреттілік компоненттері арасындағы байланысты нақтылауға негіз болды. Бірлескен жоспарлау әдістемелік шешімдерді, оқушы әрекетін бақылау зерттеушілік және аналитикалық әрекеттерді, ал бірлескен талқылау мен рефлексия коммуникативтік және рефлексивтік әрекеттерді күшейтті. Осы байланыстар зерттеу аясында ұсынылған құрылымдық-функционалдық модельде жүйеленді (Сурет 2).



Ұсынылған құрылымдық-функционалдық модель бес өзара байланысты блоктан тұрады: 1) мақсаттық блок – дәлелдерге негізделген кәсіби әрекетке даярлау; 2) мазмұндық блок – әдістемелік, зерттеушілік, аналитикалық, коммуникативтік және рефлексивтік компоненттер; 3) процессуалдық блок – мәселені анықтау, бірлескен жоспарлау, зерттеу сабағы, фокус-оқушыларды бақылау, деректерді талдау, кәсіби талқылау және қайта жоспарлау; 4) диагностикалық блок – компоненттерге сәйкес критерийлер мен бастапқы-қорытынды көрсеткіштер; 5) нәтижелік блок – кәсіби шешімді деректермен негіздеу қабілетінің күшеюі. Модельдің механизмдік логикасы Lesson Study әрекеті мен қалыптасатын құзыреттіліктің сәйкестігі арқылы көрінеді: жоспарлау – әдістемелік; бақылау – зерттеушілік; деректерді түсіндіру – аналитикалық; бірлескен талқылау – коммуникативтік; қайта жоспарлау – рефлексивтік компонент.

Модельді қолда бар эмпирикалық деректермен салыстыру ең үлкен сипаттамалық өсім рефлексивтік (+35 пайыздық тармақ), зерттеушілік және аналитикалық (+30 пайыздық тармақтан) компоненттерде болғанын көрсетті. Бұл нәтижелер модельдің бақылау–талдау–рефлексия байланысына қатысты болжамымен сәйкес келеді. Дегенмен бұл сәйкестік модельдің

толық валидтелуі ретінде қарастырылмайды: оны стандартталған немесе қосымша валидтелген өлшеу құралдарымен, кеңірек іріктемеде және жеке деңгейдегі деректерге негізделген инференциялық статистика арқылы қайта тексеру қажет.

Аутаева Акбота Нурсултановна канд. пед. наук, ассоц. профессор, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: Akbota-n@mail.ru

Информация об авторах:

Данабаева Маржан Айкыновна, магистр педагогических наук, старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет, e-mail: marzhan_aikynovna@mail.ru

Аутаева Акбота Нурсултановна, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: Akbota-n@mail.ru

Information about the authors:

Marzhan Aikynovna Danabayeva, Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, e-mail: marzhan_aikynovna@mail.ru

Akbota Nursultanovna Autayeva, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: Akbota-n@mail.ru

ӘОЖ 373.5.016:53:004.946
ҒТАМР 14.25.09
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.053

ОРТА МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Сыдыкова Ж.К.[1], *Нуржанова С.М.[2], Ерженбек Б.[3], Жанбекова Г.И.[4]
[1,*2,3,4]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылған. Зерттеу мақсаты – пәнді оқытуда жобалық және модельдеу сипатындағы тапсырмалар жүйесі арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту әдістемесін көрсету болып табылады.

Мақалада зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми-әдістемелік еңбектерге талдау жасау барысында айқындалған пәнді оқытуда оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған тәсілдің негізгі құрылымдық элементтері көрсетілген. Оларға: оқушының білімді өз бетінше «құруы», мақсатты әрекетті ұйымдастыру, жеке тұлға үшін маңызы бар мәселенің болуы, негізгі зерттеу сұрағының қойылуы мен практиканың интеграциясы жатады.

Сондай-ақ, мақалада Жәния Әубәкірованың авторлық мектебінің 8-9 сынып оқушылары үшін енгізілген «Наносерік құрастыру» үйірме бағдарламасының физика пәнінің бағдарламасымен сабақтастығы келтірілген. Бағдарламаға мазмұнына сәйкес наносеріктің орбиталық қозғалысы мен бағдарлау-тұрақтандыру жүйесіне байланысты оқушылардың оқу-зерттеу дағдыларын жүйелі түрде дамытуға бағытталған материалдар қарастырылған.

Ұсынылған тұжырымдар мұғалімнің педагогикалық бақылауы мен орындалған тапсырмаларды сапалық талдауға негізделеді. Сондықтан олар бағдарламаның тиімділігі туралы түпкілікті сандық дәлел емес, апробацияның сипаттамалық нәтижелері ретінде беріледі.

Сапалық бақылау нәтижелері жобалық сипаттағы тапсырмалар оқушыларды теориялық білімді практикамен байланыстыруға, зерттеу мәселесін тұжырымдауға, модельдеу нәтижелерін салыстыруға және дәлелді қорытынды жасауға таратуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Мақалада оқу-зерттеу тапсырмалары арқылы орындалатын жобалық жұмысты физиканы оқытуда зерттеу дағдыларын дамытудың педагогикалық құралы ретінде қолданудың әдістемелік негіздері тұжырымдалған.

Жұмыс барысында алынған нәтижелер жобалық-зерттеу тапсырмалары оқушылардың зерттеу дағдыларының дамуына, сонымен қатар танымдық белсенділігіне, ғылыми ойлауын дамытуға оң әсер ететінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері жобалық сипаттағы тапсырмалар жүйесінің оқушылардың белсенділігін арттырып, теориялық білімді практикамен байланыстыруға және зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететінін

көрсетеді. Мақалада оқу-зерттеу тапсырмалары арқылы орындалатын жобалық жұмысты физиканы оқытуда оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудың педагогикалық құралы ретінде қолданудың әдістемелік негіздері тұжырымдалған.

Тірек сөздер. физиканы оқыту әдістемесі, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту, жобалық оқыту, іс-әрекетке негізделген оқыту, оқушылардың танымдық белсенділігі, орбиталық қозғалыс, наносерік, STEM

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – оқушылардың дайын білімді меңгеруін ғана емес, оны өмірде қолдана білуін қамтамасыз ету. Білім беру стандарттарында оқушылардың метапәндік құзіреттерін, зерттеу және жобалау дағдыларын, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Физиканы зерттеу әдістерін (бақылау, болжам (гипотеза), эксперимент) қолдану арқылы оқыту оқушылардың ғылыми ойлауын дамытып, олардың ғылыми деректермен жұмыс істеу және эксперимент жүргізу дағдыларын қалыптастырады. Осыған байланысты, физиканы оқыту барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту мәселесі қоғамдағы жаһандық өзгерістерге көшу жағдайында аса өзекті ғылыми-педагогикалық мәселе ретінде қарастырылуда. Бұл мәселенің өзектілігі бірқатар негізгі факторлармен айқындалады [1, Б.65-69].

Біріншіден, ақпараттық қоғамның талаптары қазіргі өркениеттің ақпараттың жедел жинақталуымен және болашақтағы технологиялық белгісіздікпен сипатталуымен байланысты. Осы жағдайда жалпы білім беретін мектептерде тек дайын фактілерді меңгерген емес, сонымен қатар қажетті білімді өз бетінше іздеп табуға, оны сыни тұрғыдан талдауға және жаңа мәселелерді шешуге қолдана алатын тұлектерді даярлауы тиіс.

Екіншіден, құзіреттілікке негізделген білім беру тәсіліне көшу қазіргі білім парадигмасының негізгі бағыты болып табылады. Бұл парадигмада оқытудың басты мақсаты – оқушылардың когнитивтік, ақпараттық және коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту осы тәсілді жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады, себебі ол оқушылардың нақты өмірлік жағдаяттарда өзекті болатын іс-әрекет тәсілдерін меңгеруіне мүмкіндік береді.

Үшіншіден, оқуға деген мотивацияны арттыру қажеттілігі физиканы оқытудағы дәстүрлі «білімге негізделген» тәсілдің шектеулігімен байланысты. Аталған тәсіл көбінесе оқушылардың танымдық қызығушылығының төмендеуіне әкеледі, өйткені олар оқу материалының жеке маңыздылығын және практикалық қолданылу аясын толық сезіне алмайды. Ал зерттеу әдістерін (бақылау, болжам (гипотеза), эксперимент) оқу үрдісіне енгізу білім алудың жеке мағыналылығын арттырып, білімді қоршаған әлемді танудың тиімді құралына айналдырады.

Төртіншіден, физиканың ғылым ретіндегі ерекшеліктері оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудың маңыздылығын айқындайды. Физика

оқушылардың ғылыми ойлауын қалыптастыруда үлкен әлеуетке ие, алайда оқушылар мәселені анықтау, гипотеза құру, эксперименттті жоспарлау және жүргізу, алынған нәтижелерді талдау мен түсіндіру сияқты ғылыми зерттеу әдістерін меңгермейінше, физикалық білім толыққанды болып есептелмейді.

Бесіншіден, жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту тұрғысынан алғанда, зерттеу әрекеті оқушылардың өзін-өзі тануына, өзіндік ұстанымын қалыптастыруына және өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. Оқушылардың зерттеу дағдыларының қалыптасуы мен дамуы оның қоршаған ортадағы өзгерістерге белсенді әрі сындарлы түрде жауап беруіне, белгісіз жағдайларда шешім қабылдай алуына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті біілм беру стандарттарында білім мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланып, білімді функционалдық және практикалық тұрғыда қолдануға басымдық беріледі [2]. Физика пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында бақылау, эксперимент, өлшеу, деректерді өңдеу, модель құру және қорытынды жасау әрекеттері оқу мақсаттарының құрамына енгізілген [3]. Демек, зерттеу дағдыларын дамыту қосымша үйірменің ғана жеке мақсаты ғана емес, жалпы орта білім мазмұнын іске асырудың нормативтік талабы болып табылады.

Халықаралық контексте де ғылыми сауаттылық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндірумен қатар, ғылыми зерттеуді жобалау мен бағалау және деректер мен дәлелдерді сыни интерпретациялау құзыреттері арқылы сипатталады [4]. Қазақстандық зерттеулер пәнаралық жобалар оқушылардың зерттеу қабілетін дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетеді [5]. Алайда орта мектеп физикасының нақты оқу мақсаттарын наносерік сияқты кешенді инженерлік объектімен сабақтастыратын, мәселе қоюдан бастап, гипотеза, есептеу, модельдеу, нәтижені салыстыру және рефлексияға дейінгі толық циклді қамтитын әдістемелік тапсырмалар жүйесі жеткілікті түрде сипатталмаған.

Осыдан теориялық білімді практикада қолдануға қойылатын талап пен мектеп оқушыларына зерттеу циклын жүйелі меңгертетін пәндік әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі арасында қайшылық туындайды. Зерттеу проблемасы – физика курсының оқу мақсаттарын сақтай отырып, жобалық және модельдеу тапсырмалары арқылы оқушылардың зерттеу әрекетін қалай жүйелі ұйымдастыруға болады деген сұрақ.

Зерттеудің мақсаты – 8-9 сыныптардағы «Наносерік құрастыру» үйірмесі мысалында физиканы оқытуға кіріктірлген жобалық және модельдеу тапсырмалары арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту әдістемесін негіздеу және сипаттау.

Зерттеу міндеттері: 1) зерттеу дағдыларын дамытудың теориялық және нормативтік негідерін талдау; 2) үйірме мазмұнын 9-сынып физикасының оқу мақсаттарысмен сәйкестендіру; 3) мәселе, гипотеза, теориялық есептеу, эксперимент немесе модельдеу, деректерді талдау және қорытынды кезеңдерін қамтитын тапсырмалар жүйесін құрастыру; 4)


бағалау критерийлері мен дескрипторларын ұсыну; 5) шағын апробацияның сапалық нәтижелері мен шектеулерін айқындау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу теориялық талдау, оқу бағдарламалары мен нормативтік құжаттарды салыстырмалы талдау, педагогикалық жобалау, тікелей педагогикалық бақылау және оқушылар орындаған есептеу-модельдеу тапсырмаларын сапалық талдау әдістеріне негізделді. Шағын апробацияға үйірмеге тұрақты қатысқан 8-сыныптың 6 оқушысы қатысты. Сабақтар екі аптада бір рет өткізілді. Бұл кезеңді бақылау тобы қарастырылмады және диагностикалық көрсеткіштер бойынша статистикалық салыстыру жүргізілген жоқ, сондықтан нәтижелер әдістеменің орындалу барысын сипаттайтын бастапқы сапалық деректер ретінде түсіндіріледі.

Оқушылардың зерттеу дағдыларын жүйелі түрде дамыту физиканы оқытуда тұлғаның зияткерлік әлеуетін арттыруға және оны динамикалық заманауи қоғам жағдайында өмір сүруге даярлауға бағытталған тұтас педагогикалық үдеріске айналдырудың қажетті шарты болып табылады.

Осы тұжырымды жүзеге асыру мақсатында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға негізделген тәсілді енгізу барысында өзара тығыз байланысты бірқатар элементтер негізгі құрылымдық буындар ретінде айқындалады (1-сурет) [6].



Сурет 1- Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған тәсілдің негізгі құрылымдық элементтері

Бірінші элемент – оқушының білімді өз бетінше «құруы». Аталған тәсіл оқушылардың танымдық дағдыларын дамытуға және олардың ақпараттық кеңістікте бағдарлай отырып, білімді дербес түрде қалыптастыру қабілетіне негізделеді. Бұл жағдайда білім абстрактілі ойлау нәтижесі емес, практикалық және теориялық әрекет барысында меңгерілген жеке игілікке, яғни «өзінің біліміне» айналады.

Екінші элемент – мақсатты әрекетті ұйымдастыру. Бұл жерде оқыту үдерісінің негізгі буыны ретінде оқушының белсенді іс-әрекеті алынады, ал оқушының жеке өмірлік тәжірибесі мен қызығушылықтары оқыту мақсатының өзегіне айналады. В.Килпатрик [7] жобаны «жүректен жүзеге асырылатын жоспар» немесе нақты өмірлік жағдаяттарда мақсатты әрекетті жоспарлау әдісі ретінде сипаттайды.

Үшінші элемент – жеке тұлға үшін маңызы бар мәселенің болуы. Зерттеуге негізделген тәсіл әрқашан субъективті немесе әлеуметтік тұрғыдан мәнді проблеманың қойылуын көздейді. Мұндай мәселені шешу оқушыдан тек зерттеуді жүргізуді ғана емес, сонымен қатар алынған нәтижелерді нақты, «материалдық» өнім түрінде іске асыруды талап етеді.

Төртінші элемент – негізгі зерттеу сұрағының қойылуы. Әдістемелік тұрғыдан жобаның сапалық негізі нақты әрі проблемалық сипаттағы негізгі сұрақ арқылы қаланады. Бұл сұрақтың алдын-ала дайын жауабы болмайды, алайда ол зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әрекеттің бағытын айқындап, сыртқы ынталандыруды ішкі оқу мотивациясына айналдыруға мүмкіндік береді.

Бесінші элемент – теория мен практиканың интеграциясы. Аталған тәсілдің тиімділігі оқу мен өмірдің, теориялық білім мен практикалық әрекеттің өзара байланысын қамтамасыз етуімен түсіндіріледі. Бұл жағдайда оқушылар күрделі практикалық мәселелерді шешу үдерісінде білімді меңгеріп, оны қолданудың мәнін терең түсінеді.

Демек, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға негізделген тәсілдің басты ерекшелігі – «дайын білімді» репродуктивті түрде игеруден өнімді, шығармашылық әрекетке көшу болып табылады. Мұндай жағдайда оқушының ойлауы жаңа білімді жасауға және өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуге деген қажеттілік арқылы белсенді түрде дамиды.

Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған тәсілдің құрылымдық элементтері бұл мәселенің кездейсоқ немесе жекелеген педагогикалық идеялар шеңберінде пайда болмағанын, керісінше терең тарихи және теориялық негізге сүйенетінін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту мәселесін теориядық және әдістемелік тұрғыда қарастыру оның қазіргі білім беру жүйесіндегі орны мен маңызын айқындауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың педагогика ғылымында қалыптасқан берік теориялық-әдістемелік негізі бар. Іс-әрекет арқылы оқыту және проблемаларды шешуге бағытталған білім беру идеялары XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында американдық философтар мен педагогтардың еңбектерінде жүйелі түрде негізделді. Дж. Дьюи ұсынған «педоцентристік революция» тұжырымдамасында білім беру үдерісінің орталығы оқушы тұлғасына ауыстырылып, оқыту мақсатты, саналы және тәжірибеге бағытталған әрекет етінде қарастырылды. Дж. Дьюидің пайымдауынша, білім дайын күйінде берілмейді, ол оқушының нақты проблемалық жағдаяттарда жүргізетін белсенді зерттеу әрекеті арқылы қалыптасады [8]. Бұл көзқарас зерттеу дағдыларын дамытудың негізгі алғышарттары ретінде оқушының танымдық дербестігін алға қояды.

Дж. Дьюидің идеяларын әрі қарай дамытқан оның шәкірті У.Килпатрик жобалық оқыту әдісін теориялық тұрғыда негіздеп, жобаны оқушының саналы ниетіне, қызығушылығына және өмірлік тәжірибесіне сүйенетін мақсаты әркет ретінде сипаттады. Жоба әдісінде оқушы мәселені өз бетінше анықтап, оны шешу жолдарын жоспарлап, нәтижесін бағалайды,

бұл зерттеушілік әрекеттің құрылымдық компоненттерімен толық сәйкес келеді. Кейін жобалық қызмет оқу шеберханалары мен зертханалық жұмыстар контекстінде қарастырылып, теориялық білімді эксперименттік зерттеу арқылы меңгерудің маңызы айқындалды. Эксперименттік зертеуді енгізу арқылы жобалық оқытудың практикалық шекарасын кеңейтіп, оқушылардың дербес зерттеу жүргізу мүмкіндіктерін арттырды.

Сонымен қатар Ж. Пиаженің когнитивтік даму теориялары зерттеу әрекеттерінің танымдық үдерістердің рөлін терең түсіндіруге мүмкіндік берді. Ж. Пиаженің конструктивистік тұжырымдамасы бойынша оқушының танымдық әрекеті қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі барысында құрастырылады, ал бұл үдеріс бақылау, болжам жасау, эксперимент жүргізу және нәтижені қайта қарау сияқты зерттеушілік дағдылардың қалыптсуын талап етеді. Оқушы білімді тек дайын күйінде қабылдамай, оны өздігінен іздену арқылы меңгереді. Бұл өз кезегінде зерттеу сұрағын қою, гипотеза ұсыну және дәлелдеу әрекеттерін білім алудың негізгі тетіктеріне айналдырады [9].

Осылайша, аталған ғалымдардың педагогикалық тұжырымдамалары оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту оқыту үдерісінің табиғи әрі қажетті нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Олардың еңбектерінде негізделген іс-әрекетке, пороблеманы шешуге және жобалық қызметке сүйенген оқыту қағидалары қазіргі білім беру жүйесінде зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру мен дамытудың теориялық іргетасын құрайды.

Педагогика мен психологияда зерттеу және жобалық іс-әрекет идеялары XX ғасырдың басынан бастап жүйелі түрде дами бастады. Тәжірибеге бағытталған оқыту білім беру практикасына енгізіліп, кейінірек Л.С.Выготскийдің [10] жақын даму аймағы теориясы зерттеу әрекетінің психологиялық негіздерін айқындауға мүмкіндік берді. Бұл идея шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің оқушылар меңгеруге тиіс әлеуметтік тәжірибенің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға негіз болды.

Оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту мәселелеріне арналған бірқатар еңбектер бар. Ол еңбектердің кейбіреуінің басты идеялары 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған ғылыми еңбектер

№	Автор	Зерттеу жұмысының тақырыбы	Басты идеясы
1	Дж.Дьюи	Біз қалай ойлай-мыз	Оқушының зерттеу дағдысын дамытуда күнделікті өмірден жинақтаған тәжірибеге ой жүгірту арқылы үйрету, яғни «Біз не істейтініміз туралы ойлау арқылы үйренеміз»[8].
2	В.Килпатрик	Жоба әдісі	Жоба – бұл оқушының жеке маңызды нәтижеге жетуге бағытталған өзіндік қызметі[7].

3	Е.Полат	Оқу процесіндегі жоба әдісі	Жоба әдісі теория мен тәжірибені біріктіреді, оқушылардың зерттеу және коммуникативтік дағдыларын дамытады [11].
4	М.Рандазо, Р.Прифер, Р.Хамис-Даквар	Жобаға негізделген оқыту және COVID-19 кезінде зерттеу әдістерін дәстүрлі онлайн оқыту	Жобаға негізделген оқыту оқушылардың зерттеуге деген қабілетін және өзіндік тиімділігін арттырады [12].
5	У.Усман, С.Трисно, К.Хаеруддин	Оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін базалық курсқа арналған жобалық оқу материалдарын әзірлеу	Физика PBL материалдары оқушылардың сыни ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытады [13].
6.	А.З.Ильма, Е.Утами, Д.А. Кусуманингташ	STEM пәндеріндегі физиканы жобалық әдіспен оқыту: жоғары сынып оқушыларының ғылыми сауаттылығын арттыруға арналған өлшем тұжырымдамасы	Физикадағы өлшемдерді зерттеуде STEM және жобалық оқытуды біріктіру оқушыларды эксперименттік зерттеу қызметінің толық цикліне тарту арқылы олардың ғылыми сауаттылығын айтарлықтай жақсартады [14].

Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту мәселесі бойынша ғылыми база қалыптасқанын 1-кестеден байқаймыз. Бұл жағдай зерттеудің теориялық маңызын айқындаумен қатар, физиканы оқытуда зерттеуге негізделген тәсілді жүзеге асыруға бағытталған нақты әдістемелік модельдерді әзірлеуге негіз болады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту құзіреттілікке енгізделген тәсіл аясында өзекті педагогикалық мәселе ретінде қарастырылады. Талданған теориялық тұжырымдамалар мен әдіснамалық ұстанымдар оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған жобалық тәсілдің педагогикалық негізділігін дәлелдейді.

Дж.Дьюидің білім берудегі «ауырлық центрін» бала тұлғасына ауыстыру туралы тұжырымына сәйкес, оқу оқушы үшін жеке мағынаға ие өмірлік тәжірибемен байланысқан әрекетке айналуы тиіс [8]. Бұл ұсатным дайын білімді есте сақтаудан оқушының дербес танымдық әрекетін ұйымдастыруға көшуді негіздейді.

Оқушының білімді өз бетінше құрастыруының психологиялық негізі Л.С.Выготскийдің жақын даму аймағы теориясымен тығыз байланысты [10]. Күрделі жобалық әрекеттер, соның ішінде ғарыш техникасын жобалау, оқушыларға бастапқыда мұғалімнің немесе құрдастарының көмегімен әрекет етіп, біртіндеп шығармашылық дербестік деңгейіне

көшуіне мүмкіндік береді. Мұндай жағдай оқушылар тек дайын білімді меңгермей, түбегейлі жаңа білімді өздері құрастырады. И.В.Васильеваның [6, Б.13-14] жіктемесіне сәйкес, наносеріктік жобаларға қатысу зерттеу құзыреттілігін дамытудың интегративті деңгейіне (біріккен құзіреттіліктер) жатады, өйткені бұл әрекет физика, информатика және астрономия сияқты пәнаралық білімдерді біріктіріп, оқушының жеке кәсіби траекториясын қалыптастыруға жағдай жасайды (Кесте 2) [15].

Кесте 2. Жобалық-зерттеу құзіреттіліктерінің классификациясы

Жобалық-зерттеу құзіреттіліктерінің классификациясы (И.В. Васильева бойынша)				
Мотивациялық және құндылық құзіреттіліктер	Танымдық құзіреттіліктер	Операциялық және әрекетке негізделген құзіреттіліктер	Рефлексиялық және бағалау құзіреттіліктері	Коммуникативтік құзіреттіліктер

Жоғарыда көрсетілген зерттеулерді талдау оқушылардың зерттеу дағдыларын тиімді дамыту үшін оқшауланған, абстрактілі оқу тапсырмаларын қолдану жеткіліксіз. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту интеграцияланған оқыту моделіне көшуді талап етеді, мұнда негізгі физикалық заңдар тек теориялық тұрғыдан емес, сонымен қатар политехникалық объектілер жүйесімен жұмыс істеу арқылы тексеріледі. Бұл тәсіл теория мен практика арасындағы байланысты қамтамасыз етеді және оқушы бойында ғылыми танымның саналы қалыптасуына жағдай жасайды.

Осыған байланысты, CubeSat және CanSat наносеріктерін модельдеу технолгиясын енгізудің ерекшелік дидактикалық әлеуеті бар. Наносерік - мектеп зертханасы жағдайында модельдеуге және ішінара жүзеге асыруға болатын күрделі физика-техникалық жүйе. Оны пайдалану физиканы оқытуда контекстік тәсілді іске асыруға мүмкіндік береді, мұнда оқу әрекеті нақты зерттеу практикасына барынша жақындайды. Оқушы ғылыми танымның толық циклінен өтеді: болжам (гипотеза) ұсынудан бастап физикалық модель құруға, оны вертуалды және квазишынайы ортада эксперименттік тексеруге және алынған нәтижелерді талдауға дейін.

Нәтижелер

Наносеріктерді құрастыру оқушылардың жеке қызығушылықтары мен тәжірибесіне сүйенеді, стандартты емес жағдаяттарда білімді қолдануды талап етеді және нақты, «материалдық» нәтиже алуға бағытталған.

Қазіргі таңда наносеріктерді модельдеу жұмыстары Жәния Әубәкірованың авторлық мектебінің 8-9 сынып оқушылары үшін үйірме ретінде жүргізілуде. Педагогикалық бақылау мен оқушылар орындаған жұмыстарды сапалық талдау барысында олардың динамика, бүкіләлемдік тартылыс, импульстың сақталуы және орбиталық қозғалыс заңдарын нақты инженерлік міндеттермен байланыстыруға тартылғаны байқалды. Оқушылар есептеу нәтижесін модельдеу деректерімен салыстырды, бастапқы параметрлердегі және өлшем бірліктеріндегі қателерді анықтады, қабылдаған шешімдерін түсіндіруге әрекет жасады.

Аэроғарыштық жобалар өз табиғаты бойынша пәнаралық сипатқа ие болып, физика, математика, информатика, астрономия және инженерия салаларындағы білімдердің тоғысу нүктесіне айналады. Сонымен қатар, жобалық қызметтің интегративті сипаты ерекше мәнге ие: телеметриялық деректерді талдау, техникалық ақаулардың себептерін анықтау және модельді түзету оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, жұмыс барысындағы қателік жағымсыз нәтиже ретінде емес, ғылыми талдаудың көзі және оқу материалын терең меңгерудің құралы ретінде қарастырылып, керісінше оқушы бойындағы ғылыми және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың зерттеу дағдыларымен қатар, жобалық топтарда жұмыс істеу олардың коммуникативтік мәдениетін, топпен жұмыс істеу қабілетін, жауапкершілігн және бейімделгіштігін дамытады. Бұл ретте наносеріктік платформалардың бірізденуі және қолжетімді элементтік базаның қолданылуы күрделі технологиялық міндеттерді оқу бағдарламасының тұтастығын бұзбай жалпы білім беретін мектептердің үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді [15].

Физика сабақтарында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуда наносерікті қолдану мүмкіндігін – оқу үдерісіндегі арнайы дидактикалық құрал ретінде қарастырамыз. Бұл жағдайда наносерік дайын инженерлік өнім ретінде емес, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға арналған оқу-танымдық объект ретінде пайдаланылады. Мұндай тәсіл оқушыларды күрделі физикалық құбылыстарды талдауға, түсіндіруге және оларды зерттеуге тарту арқылы олардың танымдық дербестігін және ғылыми ойлау қабілетін, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

«Наносерік құрастыру» үйірмесі Жәния Әубәкірованың авторлық мектебіне 2024-2025 оқу жылынан бастап 8-сыныпқа арналған үйірме ретінде 2-жарты жылдықтан бастап енгізілді. Бастапқы кезеңде сабақтар таныстырмалық сипатта болып, айына бір рет өткізілді, бұл ғарыштық инженерияның негізгі бағыттары мен міндеттері туралы жалпы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді. 2025-2026 оқу жылынан бастап бағдарлама мазмұны кеңейтіліп, наносеріктерді әзірлеу мен зерттеуге бағытталған практикалық-бағдарланған үйірмеге айналдырылды. Сабақтар жүйелі түрде – екі аптада бір рет өткізіледі, бағдарлама STEM қауымдастығы аясында келісіліп, оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім алу мүмкіндіктеріне бейімделді.

Талқылау

Үйірме бағдарламасы физика пәнімен тығыз байланыста құрастырылған, яғни үйірме тек кәсіби бағдар беру функциясы ғана емес, сонымен қартар оқу-әдістемелік қызметті де атқарып, мектеп бағдарламасымен ұштасып жатыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС) талаптарына сәйкес, 9-сынып оқушылары үшін үйірме сабақтары физика пәні бойынша практикалық база қызметін атқара алады. Мысалы, «кинематика» және «динамика» тарауларын оқыту барысында оқушылар ұшу аппаратына әсер

ететін күштерді (ауырлық күші, аэродинамикалық кедергі, тарту күші) және реактивті қозғалысты талдайды. Зымыран тасығыштың ұшу кезеңдерін және жасанды серіктің орбитадағы қозғалысын қарастыру Ньютон заңдары мен импульстің сақталу заңының принциптерін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

«Астрономия негіздері» тарауы аясында оқушылар ғарыш кеңістігінің физикалық қасиеттерін, жасанды аспан денелерінің қозғалыс шарттарын және орбита параметрлерін есептеуді меңгереді. Жұмыс барысында оқушылар жасанды серік орбитасының биіктігін, айналу периодын және тұрақтылығын есептеу аспан механикасын иллюстрациялық деңгейде емес, математикалық модельдеу мен аппараттың вакуум жағдайындағы жұмыс істеу шарттарын талдау арқылы кешенді ақпарат алады.

Үйірме аясында қарастыратын тақырыптар физика пәнінің мазмұнымен сабақтас. Физиканың оқу мақсаттары үйірме тақырыптарына сәйкес (3-кесте).

Кесте 3. Мектеп физика курсы (9-сынып) мен «Наносерік (CubeSat) құрастыру» үйірме бағдарламасының сабақтастығы

Үйірме тақырыптары	Физика (9-сынып)	Оқыту мақсаттары (физика)
Жасанды серік баллистикасы және орбиталық қозғалысы (Наносерік материалдық нүкте ретінде)	Қисық сызықты қозғалыс. Бірқалыпты шеңбер бойымен қозғалыс.	9.2.1.13 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау; 9.2.1.14 сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын өрнекті есептер шығаруда қолдану; 9.2.2.7 ғарыш аппараттарының орбиталарын салыстыру.
Наносерік құрылысы және корпусы (Акселерометр, діріл тірегі	Механикадағы күштер. Салмақ және салмақсыздық	9.2.2.10 үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау; 9.2.2.11 салмақсыздық күйді түсіндіру.
Наносеріктің гравитациялық тұрақтандыру жүйесі	Бүкіл әлемдік тартыс заңы	9.2.2.6 Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдау; 9.2.2.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау.
Наносеріктің бағдарлау және тұрақтандыру жүйесі (ADCS) (Маховик/ Реакциялық дөңгелектер)	Импульстың сақталу заңы. Реактивті қозғалыс	9.2.3.2 импульстың сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану; 9.2.3.3 табиғаттағы және техникадағы реактивті қозғалысқа мысалдар келтіру.
Жасанды серік аспан денесі ретіндегі (TLE деректері, трекерлер)	Аспан денелерінің қозғалысы. Кеплер заңдары	9.7.2.7 Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру; 9.7.2.8 Күн жүйесіндегі денелердің арақашықтығын немесе өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру.

Үйірме жұмысының жоспарына сәйкес кейбір тақырыптарды оқытуда оқушыларға ұсынылатын кейбір оқу-зерттеу тапсырмаларын қарастырайық. Бұл тапсырмалар физика пәнінің мазмұнымен тығыз сабақтастықта. Атап айтқанда, «Наносерік баллистикасы және орбиталық қозғалыс» тақырыбын оқыту барысында оқушыларға «Орбита параметрлерін таңдау және серіктің бағдарлануын қамтамасыз ету» атты тапсырма беріледі. Тапсырманы орындау барысында оқушылар наносеріктің қозғалысын сипаттайтын негізгі орбиталық параметрлерді (биіктік, еңкею бұрышы, қозғалыс периоды) талдап, олардың серіктің бағдарлау және тұрақтандыру жүйесінің жұмыс істеу қағидаларымен байланыстырады.

Тапсырманы орындаудың алғашқы бастапқы кезеңінде «Наносерік берілген биіктікте тұрақты орбитада қозғалып, Жермен байланысын үзбеуі үшін оның орбиталық параметрлері мен бағдарлау жүйесі қандай талаптарға сай болуы тиіс?» деген зерттеу проблемасын талдаудан басталады. Бұл кезеңде оқушылар зерттеу мақсатын, орбита биіктігі мен серіктің кеңістіктегі бағдарлануы арасындағы өзара байланысты анықтап, зерттеудің негізгі бағыттарын анықтайды. Одан кейінгі кезеңде серіктің бағдарлау және тұрақтандыру жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына сүйене отырып, маховиктің бұрыштық импульсі серіктің орнықтылығын қамтамасыз етеді деген гипотеза ұсынылады. Ұсынылған гипотезаны негіздеу кезінде оқушылар орбиталық қозғалыс заңдылықтарын және импульстің сақталу заңын қолдана отырып, теориялық зерттеу жүргізеді, бұл жұмыстың үшіншісі кезеңі. Келесі төртінші кезең эксперименттік және модельдеу жұмыстарын қамтиды. Бұл кезеңде оқушылар наносерікті құрастырып, ADSC макетінде тәжірибе жүргізіп, маховиктің айналу параметрлерін өзгерту арқылы серік корпусының қозғалысын бақылайды және қажетті өлшеулерді орындайды. Кейінгі кезеңде алынған эксперименттік деректер теориялық болжамдармен салыстырылып, олардың өзара сәйкестігі талданады. Жұмыстың қорытынды кезеңінде оқушылар алынған нәтижелерді жинақтайды және жұмысты қорғайды. Бұл кезеңде оқушылар зерттеу нәтижелерін дәлелді түрде негіздеп, өз тұжырымдарын ғылыми тұрғыда ұсынады.

Тапсырманы орындап болғаннан соң, оқушылардың тапсырмаларды орындауын бағалау бірқатар критерийлермен жүргізіледі (4-кесте).

Кесте 4. Оқушылардың тапсырманы орындауын бағалау критерийлері

Бағалау критерийлері	Дескриптор	Балл
Зерттеу мәселесін және гипотезаны тұжырымдау	Орбита параметрлері мен серік бағдарлануы арасындағы байланысты ғылыми тұрғыда негіздеп, логикалық гипотеза ұсынады	1
Теориялық негіздеу	Орбиталық қозғалыс заңдары мен импульстің сақталу заңын зерттеу мақсатына сәйкес дұрыс қолданады	1
Эксперименттік және модельдеу жұмысы	ADCS макетінде тәжірибені жоспарлы түрде жүргізіп, өлшеулерді сауатты орындайды	1
Нәтижелерді талдау	Эксперименттік деректерді теориялық болжамдармен салыстырып, олардың сәйкестігін дәлелдейді	1
Қорытынды және нәтижелерді ұсыну	Зерттеу нәтижелері негізінде логикалық қорытынды жасап, жұмысты ғылыми тілде қорғайды	1

Ал, «Наносеріктің гравитациялық тұрақтандыру жүйесі» тақырыбын оқытуда оқушыларға берілетін тапсырма сәйкесінше алдыңғы тапсырманы теориялық тұрғыда толықтырады. Зерттеу проблемасы: «Жерді қашықтықтан зондтайтын серіктің орбитасын таңдау кезінде қандай биіктік пен еңкею бұрышын таңдау керек және бұл параметрлер серіктің бағдарлануы мен тұрақтылығына қалай әсер етеді?». Бұл тапсырманы берудегі негізгі мақсат оқушыларға ғарыштық аппараттардың орбиталық қозғалысының физикалық негіздерін түсіндіру, орбиталық параметрлерді есептеу әдістерін меңгерту және серіктердің қозғалысын модельдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Бұл тапсырманы да оқушылар кезең-кезең бойынша орындайды. Мысалы, алғашқы теориялық кезеңде оқушылар орбиталық қозғалыстың негізгі заңдылықтарымен танысады. Бұл кезеңде Кеплер заңдары, Ньютонның бүкіләлемдік тартылыс заңы және орбиталық параметрлерді есептеуге арналған формулалар қарастырылады. Сонымен қатар шеңбер тәрізді орбитаның негізгі сипаттамалары (бірінші ғарыштық жылдамдық және айналу периоды) есептеу арқылы талданады. Оқушылар әртүрлі орбита түрлерінің (төменгі Жер орбитасы (LEO), орташа жер орбитасы (MEO), геостационарлық орбита (GEO), эллипстік орбита (HEO)) ерекшеліктерімен танысып, олардың қолданылу салаларын салыстырады. Ал, тапсырманы орындаудың практикалық кезеңінде теориялық білім нақты есептер мен модельдеу әрекеттері арқылы бекітіледі. Бұл кезеңде оқушылар Жерді қашықтықтан зондтауға арналған серіктің h=600 км биіктіктегі шеңбер тәрізді орбитасының параметрлерін есептейді. Атап айтқанда, орбитаның радиусы $r=R_{Жер}+h$ формуласымен анықталып, серіктің орбиталық жылдамдығы υ (м/с) мен айналу периоды T (мин) есептеледі. Одан кейін алынған есептік деректер GMAT бағдарламалық ортасында модельденеді. Оқушылар жаңа Spacecraft объектісін құрып, Кеплерлік параметрлерді (Orbit бөлімінде (Coordinate System: EarthMJ2000Eq; State Type: Keplerian) қажетті параметрлер: (SMA (Үлкен жарты ось)= 6371+600 км. ECC (Эксцентриситет)=0. INC (Қисықтық)=98° (Күнге синхрондалған орбита)) енгізу арқылы серіктің қозғалысын визуализациялайды және бір айналымға сәйкес уақыт аралығында орбитаның динамикасын бақылайды.

Зерттеудің үшінші, аналитикалық кезеңінде оқушылар формулалар бойынша есептеу кезінде алынған нәтижелерді GMAT есептерінің нәтижелерімен салыстырып, мүмкін болатын айырмашылықтарды талдап, орбиталық параметрлердің физикалық заңдармен байланысын түсіндіреді. Аталған тапсырманы орындау нәтижелері арнайы бағалау критерийлері арқылы сараланады. Критерийлер төмендегі 5-кестеде келтірілген.

Кесте 5. Оқушылардың тапсырманы орындауын бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
Теориялық есептеу	Орбиталық қозғалыс заңдарын (Кеплер заңдары, гравитациялық өзара әрекеттесу) дұрыс түсіндірді	1

	Орбиталық жылдамдықты дұрыс есептеді	1
	Орбитаның айналу периодын дұрыс есептеді	1
Бағдарламалық модельдеу	Қажетті формулаларды орынды және қателіксіз қолданды	1
	GMAT бағдарламасында Spacecraft объектісін өздігінен құрды	1
	Орбиталық параметрлерді (SMA, ECC, INC) дұрыс енгізді	1
Нәтижелерді талдау	Қолмен есептеу мен GMAT нәтижелерін салыстырады	1
	Орбиталық параметрлердің физикалық мағынасын және қисықтықтың әсерін түсіндірді	1
Жұмысты рәсімдеу	Есепте модельдеу бейнекескіндері (скриншот) мен әрекеттердің реттік сипаттамасы бар	1
	Зерттеу нәтижелерін логикалық, ғылыми тілде ұсынды	1

Әрбір практикалық модуль алынған деректерді талдаумен аяқталады, бұл оқушыларға зерттеу әдістерінің негізгі кезеңдерін (болжам тұжырымдау, эксперименттік тексеру, нәтижелерді интерпритациялау және қорытынды жасау) меңгеруге мүмкіндік береді. Осылайша, үйірме сабақтары оқушылардың зерттеу дағдылары мен инженерлік ойлауды қалыптастыруға ықпал етіп, жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқуға деген қызығушылықтарын арттырады.

Үйірме бағдарламасы практикалық бағдарланған және зерттеу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға негізделген, мұнда оқушы таным процесінің белсенді субъектісі ретінде әрекет етеді. Үйірме барысында оқушыларда келесі негізгі инженелік және зерттеу дағдылары мен қабілеттері дамиды:

- жобалау және прототиптеу, оның ішінде материалдарды таңдау және аддитивті технологияларды қолдану;

- бағдарламалау және электроника, температура, қысым, үдеу датчиктері мен радиобайланыс модульдерінің жұмыс алгоритмдерін әзірлеу;

- талдамалық тәсіл, телеметриялық деректерді жинақтау және өңдеу, эксперименттік нәтижелерді модельмен салыстыру, қателіктердің себептерін анықтау және түзетулер енгізу.

Жоғарыда ұсынылған кешенді оқу тапсырмаларына ұқсас тапсырмаларды жүйелі түрде орындау оқушылардың зерттеу дағдыларының дамуына жағдай жасайды. Физика сабақтарында бастапқы кезеңінде оқушылардың әрекеті көбіне репродуктивті сипатта болады: олар физикалық формулаларды дайын түрде қолданумен, есептердің шартын мұғалімнің нұсқауымен талдау, нәтижені тек сандық жауап ретінде қабылдаумен шектеледі. Ал орындаған жұмыстарды сапалық талдау барысында оқушылар орбита биіктігінің жылдамдық пен айналу периодына әсерін есептеп, нәтижені GMAT модельінің деректерімен салыстрғаны, ал сәйкессіздік болғанда бастапқы параметрлер мен өлшем бірліктерін қайта тексергені байқалады. Мұндай әрекеттер гипотеза ұсыну, деректерді салыстыру, қатені түсіндіру және қорытынды негіздеу дағдыларының көріну көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Алайда бастапқы және қорытынды диагностика

жүргізілмегендіктен, бұл нәтижелерді «танымдық әрекет жаңа деңгейге көтерілді» деген себеп-салдарлық тқжырым ретінде түсіндіруге болмайды.

Зерттеудің шектеулері. Ұсынылған нәтижелер сандық-статистикалық өлшемдерге емес, оқытушының тікелей бақылауы мен оқушылар арасындағы тапсырмалардың сапалық талдауына негізделген. Іріктеме көлем шағын (n=6), бақылау тобы болмады, ал бағдарлама қолжазбаны дайындау кезінде толық оқу циклін аяқтамағандықтан, бастапқы және қорытынды диагностикалық тестілеу жүргізілген жоқ. Сондықтан алынған деректер әдістеменің тиімділігін дәлелдейтін қорытынды нәтиже емес, оның іске асырылу мүмкіндігін сипаттайтын бастапқы шағын апробация ретінде қарастырылады. Келесі кезеңде эксперименттік және бақылау топтарын салыстыру, валидтелген сауалнама мен зерттеу дағдылары рубрикасын қолдану және статистикалық әсер шамасын есептеу жоспарланады.

Қорытынды

Ұсынылған тапсырмаларда зерттеу дағдыларының көрінуі бірнеше әрекет арқылы бағаланады: гипотеза құру, физикалық заңдарды негізді таңдау, есептеу мен компьютерлік модельдеу нәтижелерін салыстыру, қатенің ықтимал себебін түсіндіру және қорытындыны дәлелдеу. Мысалы, оқушылар орбита биіктігі артқанда айналу периодының өзгеруі туралы болжам ұсынып, оны қолмен есептеу және модельдеу арқылы тексерді. Бұл әрекеттер 3 және 4 кестелердегі критерийлер бойынша сапалық тұрғыда тіркелді. Сондықтан мақалада оқушылардың өзгерісі туралы сандық динамика емес, зерттеу әрекетін оорындау барысында байқалған дағды көріністер сипатталды.

Үйірме аясындағы тапсырмалар оқушыларды инженерлік жұмыстың өзара байланысты кезеңдеріне баулиды: теориялық негіздерді меңгеру, жүйе параметрлерін есептеу, электрондық компонеттерді жинақтау, модельді бағдарламалау және нәтижені талдау. Осы құрылым ғылыми зерттеу циклін – мәселені қою, гипотеза ұсыну, есептеу мен модельдеу, нәтижелерді салыстыру және қорытынды жасау кезеңдерін – оқу тапсырмасы аясында қайталауға мүмкіндік береді.

Мектеп физикасының мазмұнын «Наносерік құрастыру» үйірмесімен ұштастыру зерттеу әрекетін пәндік мазмұнмен байланыстырудың ықтимал педагогикалық шарты ретінде ұсынылады. Дәстүрлі оқытуда басым болатын дайын формуланы қолдану тапсырмаларымен салыстырғанда, бұл әдістеменің ерекшелігі – бір кешенді міндет аясында зерттеу сұрағын, теориялық есептеуді, экспериментті немесе компьютерлік модельдеуді, деректерді салыстыруды және рефлексияны біріктіруінде. Оның басқа STEM бағдарламаларынан артықшылығы туралы түпкілікті тұжырым жасау үшін бірыңғай диагностикалық құралдармен салыстырмалы зерттеу қажет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Макарова Д.В. Развитие проектных умений учащихся на занятиях по физике: пед. ғыл. кан. диссер. – Санкт-Петербург, 2005. – 218 с.

[2] Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. – Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031. [Қаралған күні:30.03.2026 жыл].

[3] Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. – Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767. [Қаралған күні:30.03.2026 жыл].

[4] OECD. PISA 2025 Science Fraemwork. Paris: OECD, - 2023. Access mode: https://pisa-framework.oecd.org/science-2025/assets/docs/PISA_2025_Science_Framework.pdf [Date of access:05.04.2026].

[5] Mukushev B., Bazarbekova A., Ibatayev Zh., Sydykova Zh., Mukushev S. The role of self-organization theory in the development of students' interdisciplinary research ability //International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE). – 2024. - Vol. 13, No. 4. -pp. 2527-2535. DOI: https://doi.org/10.11591/ijere.v13i4.28856

[6] Васильева И.В. Проектная и исследовательская деятельность учащихся как средство реализации компетентностного подхода при обучении физике в основной школе: пед. ғыл. кан. диссер. – Москва, 2008. – 245 с.

[7] Килпатрик В.Х. Основы метода. / В.Х.Килпатрик – М. – Л.: Нар. Комиссариат Просвещения РСФСР, Государственное издательство, 1928. – 114 с.

[8] Дьюи Дж. Демократия и образование / пер. с англ. – Москва, 2000. - 379 с.

[9] Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – М., 1994.

[10] Выготский Л.С. Динамика умственного развития школьника в связи с обучением //Умственное развитие детей в процессе обучении.; - М., 1935. – с.42.

[11] Полат Е.С. Метод проектов: история и теория вопроса // Школьные технологии. – 2006. - №6. – Б. 43-47.

[12] Randazzo M., Priefer R., Khamis-Dakwar R. Project-based learning and traditional online teaching of research methods during COVID-19: an investigation of research self-efficacy and student satisfaction // Frontiers in education. – 2021. – V.6. DOI: 10.3389/feduc.2021.662850

[13] Usman U., Trisno S., Khaeruddin K. Development of project-based learning materials for basic to enhance students' critical thinking skills // Jurnal Pendidikan Fisika. – 2022. - V.13. №3. - P. 345-362

[14] Ilma A.Z., Utami E., Kusumaningtyas D.A. STEM-project-based learning in physics concept of measurement to enhance high school students' scientific literacy // Jurnal Penelitian & Pengembangan. – 2024. – V.10, №10(2). – P. 273-284.

[15] Magana, A. J., Arigye, J., Udosen, A., Lyon, J. A., Joshi, P., & Pienaar, E. Scaffolded team-based computational modeling and simulation projects for promoting representational competence and regulatory skills. //International Journal of STEM Education. – 2024. – № 11(1). – P. 34. DOI:10.1186/s40594-024-00494-3].

REFERENCES

[1] Makarova D.V. Razvitiye proektnykh umeniy uchashchikhsya na zanyatiyakh po fizike [Development of students' project skills in physics classes]. – St. Petersburg, 2005. – 218 s. [in Rus.]

[2] Kazakhstan Republics Oku-agartu Ministerinin 2022 zhylgy 3 tamyzdagy No. 348 buyrgy. Mektepke deyingi tarbiye men okytudyn, bastauysh, negizgi orta zhane zhalpy orta, tekhnikalyk zhane kasiptik, orta bilimnen keyingi bilim berudin memlekettik jalpy mindetti standardtaryn bekitu turaly – Access mode: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031. [Date of access:30.03.2026].

[3] Kazakhstan Republic of the Republic of Kazakhstan Oku-agartu of the Minister of 2022 years 16 Kyrgyz Republic No. 399 BUYRYGY. Bastauysh, negizgi orta zhane zhalpy orta bilim dengelerinin zhalpy bilim beretin panderi men tandau kurstary boyynsha ulgilik oku bagdarlamalaryn bekitu turaly. – Access mode: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767. [Date of access:30.03.2026].

[4] OECD. PISA 2025 Science Fraemwork. Paris: OECD, - 2023. – Access mode: https://pisa-framework.oecd.org/science-2025/assets/docs/PISA_2025_Science_Framework.pdf [Date of access:05.04.2026].

[5] Mukushev B., Bazarbekova A., Ibatayev Zh., Sydykova Zh., Mukushev S. The role of self-organization theory in the development of students' interdisciplinary research ability // International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE). – 2024. – Vol. 13. – №4. – P. 2527-2535. DOI: 10.11591/ijere. v13i4.28856.

[6] Vasilyeva I.V. Proektnaya i issledovatel'skaya deyatel'nost' uchashchikhsya kak sredstvo realizatsii kompetentnostnogo podkhoda pri obuchenii fizike v osnovnoy shkole [Project and research activities of students as a means of implementing a competency-based approach to teaching physics in basic school]. – Moscow, 2008. – 245 s. [in Rus.]

[7] Kilpatrick W.H. Osnovy metoda [Foundations of method]. – Moscow–Leningrad: Narodnyy Komissariat Prosveshcheniya RSFSR, Gosudarstvennoye izdatel'stvo, 1928. – 114 s. [in Rus.]

[8] Dewey J. Demokratiya i obrazovaniye [Democracy and education]. Translated from English. – Moscow, 2000. – 379 s. [in Rus.]

[9] Piaget J. Izbrannyye psikhologicheskiye trudy [Selected psychological works]. – Moscow, 1994. [in Rus.]

[10] Vygotsky L.S. Dinamika umstvennogo razvitiya shkol'nika v svyazi s obucheniyem [Dynamics of the mental development of schoolchildren in connection with education] // Umstvennoye razvitiye detey v protsesse obucheniya [Mental development of children in the learning process]. – Moscow, 1935. – S. 42. [in Rus.]

[11] Polat E.S. Metod proyektov: istoriya i teoriya voprosa [Project method: history and theory of the issue] // Shkol'nyye tekhnologii. – 2006. – №6. – S. 43-47. [in Rus.]

[12] Randazzo M., Priefer R., Khamis-Dakwar R. Project-based learning and traditional online teaching of research methods during COVID-19: an investigation of research self-efficacy and student satisfaction // Frontiers in Education. – 2021. – Vol. 6. DOI: 10.3389/feduc.2021.662850.

[13] Usman U., Trisno S., Khaeruddin K. Development of project-based learning materials for basic to enhance students' critical thinking skills // Jurnal Pendidikan Fisika. – 2022. – Vol. 13. – №3. – P. 345-362.

[14] Ilma A.Z., Utami E., Kusumaningtyas D.A. STEM-project-based learning in physics concept of measurement to enhance high school students' scientific literacy // Jurnal Penelitian & Pengembangan. – 2024. – Vol. 10. – №10(2). – P. 273-284.

[15] Magana A.J., Arigye J., Udosen A., Lyon J.A., Joshi P., Pienaar E. Scaffolded team-based computational modeling and simulation projects for promoting representational competence and regulatory skills // International Journal of STEM Education. – 2024. – Vol. 11. – №1. – P. 34. DOI: 10.1186/s40594-024-00494-3.

МЕТОДИКА РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ ФИЗИКИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Сыдыкова Ж.К.[1], *Нуржанова С.М.[2], Ерженбек Б.[3], Жанбекова Г.И.[4]
[1,*2,3,4]Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается вопрос развития исследовательских навыков у школьников. Цель исследования – представить методику развития исследовательских навыков учащихся посредством системы проектных и моделирующих заданий в процессе обучения физике.

В статье раскрыты основные структурные элементы подхода, направленного на развитие исследовательских навыков учеников при преподавании предмета, определенные на основе анализа научно-методической литературы и в ходе анализа научно-методических работ, относящихся к теме исследования. К ним относятся: самостоятельное «конструирование» знаний учеником, организация целенаправленной деятельности, наличие значимой для личностной проблемы, формулировка основного исследовательского вопроса и интеграция теории и практики.

Рассмотрена взаимосвязь программы кружка «Конструирование наноспутника», реализуемой для учащихся 8-9 классов Авторской школы Жании Аубакировой, с содержанием школьного курса физики. В соответсвии с содержанием программы представлены материалы, направленные на систематическое развитие у учащихся учебных и исследовательских навыков, связанных с орбитальным движением и системой ориентации-стабилизации наноспутника.

Сформулированные выводы основаны на педагогическом наблюдении учителя и качественном анализе выполненных учащимися заданий. Поэтому полученные данные представлены как описательные результаты апробации, а не как окончательное количественное доказательство эффективности программы.

Результаты качественного наблюдения показывают, что система проектно-ориентированных заданий повышает активность учеников, способствует установлению связи теоретических знаний с практикой и развитию исследовательских навыков. В статье сформулированы методические основы использования проектной работы, выполняемой в рамках учебно-исследовательских заданий, как педагогического инструмента развития исследовательских навыков учеников в преподавании физики.

Ключевые слова: методика преподавания физики, развитие исследовательских навыков учащихся, проектное обучение, обучение основанное на действие, познавательная активность учащихся, орбитальное движение, наноспутник, STEM

METHODOLOGY FOR DEVELOPING STUDENT'S RESEARCH SKILLS WHEN TEACHING PHYSICS IN SECONDARY SCHOOLS

Sydykova Zh.K.[1], *Nurzhanova S.M.[2], Yerzhenbek B.[3], Zhanbekova G.I.[4]
[1,*2,3,4]Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article examines the development of school students' research skills. The study aims to present a methodology for developing student's research skills through a system of project-based and modeling tasks integrated into physics education.

This article describes the main structural elements of an approach aimed at developing student's research skills, identified through an analysis of scientific and methodological works related to the research topic. These elements include students' independent construction of knowledge, the organization of goal-oriented activities, the presence of a personally meaningful problem, the formulation of a primary research question, and the integration of the theory and practice.

The article examines the alignment between the "Nanosatellite construction" club program, introduced for students in grades 8 and 9 at Zhaniya Aubakirova's author school and the school physics curriculum. In accordance with the program content, the article presents materials aimed at systematically developing students' academic and research skills related to the orbital motion and attitude control system of a nanosatellite.

The conclusions are based on the teacher's pedagogical observations and a qualitative analysis of the tasks completed by the students. Therefore, the findings are presented as descriptive results of the initial implementation rather than as conclusive quantitative evidence of the program's effectiveness.

The qualitative observations indicate that project-based assignments increase student engagement, facilitate the connection between theoretical knowledge and practice, and develop research skills. The article formulates methodological principles for using project-based work as part of research assignments as a pedagogical tool for developing students' research skills in physics teaching.

Keywords: physics teaching methods, development of student's research skills, project-based learning, students' cognitive activity, orbital motion, nanosatellite, STEM

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 27.02.2026
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026

Авторлар туралы мәлімет:

Сыдыкова Жайнагуль Каныевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: Zhainagtl_Sydykova@mail.ru

Нуржанова Самал Малькеевна - педагогика ғылымдарының магистрі, математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының 2-курс докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: s.nurzhanova@a-school.kz

Ерженбек Булбул – PhD, математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: Bulbul.83@mail.ru

